

АМАНКЕЛДІ



Аудандық апталық газет

1935 жылғы 15 маусымнан бастап шығады

арайы

e-mail: amangeldy-arai@mail.ru ■ http://baq.kz/kk/regional_media/media/224



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ ТӨРАҒАЛЫҒЫМЕН «НҰР ОТАН» ПАРТИЯСЫНЫҢ XVI СЪЕЗІ ӨТТІ

Партияның кезекті съезінің жұмысына 2000-ға жуық адам қатысты. Олардың қатарында өңірлік конференцияларда сайланған 1200-ден астам делегат, Парламент депутаттары, мемлекеттік басқару органдарының, ұлттық холдингтер мен компаниялардың басшылары, ғылыми және шығармашылық зиялы қауымның, дипломатиялық корпусның, халықаралық ұйымдар мен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері бар.

Съезд делегаттары «Нұр Отан» партиясынан Нұрсұлтан Назарбаевтың кандидатурасын Қазақстан Республикасының Президентігіне ұсыну туралы қаулы қабылдады.

Сонымен қатар, партия Саяси кеңесінің және Орталық тексеру-бақылау комиссиясының есепті кезіндегі жұмыстарының қорытындылары қаралды, сондай-ақ олардың мүшелері сайланды.

Мемлекет басшысы өз сөзінде қалыптасқан жағдайларға байланысты ел алдында тұрған жаңа міндеттерді атап көрсетті.

Біріншіден, мемлекеттік құрылысқа сыртқы ықпалдардың теріс әсер етуіне жол бермеу керек. Екіншіден, даму қарқынын



сақтау қажет. Үшіншіден, әрі қарай өсуге қажетті жағдай жасау керек. Төртіншіден, әлемнің дамыған 30 мемлекетінің қатарына қарай ілгерілеуді жалғастыру қажет, – деді Қазақстан Президенті.

Осыған байланысты Нұрсұлтан Назарбаев мемлекетімізге төнген жаһандық сын-қатерлерге өзгеше және қуатты тойтарыс беру керектігін атай отырып, бес институционалдық реформа ұсынды.

Олар – заманауи, кәсіби және автономды мемлекеттік аппарат қалыптастыру; заң үстемдігін қамтамасыз ету; индустриаландыру және әртараптандыруды негіз еткен

экономикалық өсім; біртұтас болашақтың ұлты; сондай-ақ транспарентті және есеп беретін мемлекет.

Қазақстан Президенті аталған реформалардың жиынтығы мемлекетті нығайту және оны әлемдегі дамыған 30 елдің қатарына қосу үшін жағдай туғызатынына назар аударды.

Бұл – «Қазақстан-2050» стратегиясын жүзеге асырудың жолы. Бес институционалдық реформаның әрқайсысы – зор міндет және ел үшін орасан жұмыс. Мұндай реформаның табыстылығы билік пен халықтың табанды ерік-жігері арқылы ғана қамтамасыз етілуі

мүмкін. Ұсынылған шаралар қоғамдық қатынастар жүйесін түбегейлі өзгертеді. Оларды жүргізу үшін мен Президент жанынан Жанғырту жөніндегі Ұлттық комиссия құруды ұсынамын. Ол бүкіл реформалар кешенінің жүзеге асуын үйлестіретін болады. Осылайша, біздің алдағы жылдарға арналған негізгі міндетіміз – осы бес институционалдық реформаны іске қосу және біртіндеп жүзеге асыру, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Мемлекет басшысы сондай-ақ бірнеше күннің ішінде ел азаматтарынан, еңбек ұжымдарынан, білім мекемелерінен, қоғамдық бірлестіктерден кезектен

тыс Президент сайлауына қолдау білдірген және одан өзінің кандидатурасының ұсынылуын өтінген көптеген хаттар мен хабарламалар алғанын айтты.

– Қазақстанның және қазақстандықтардың игілігі жолындағы менің еңбегіме берілген жоғары баға үшін барлығына көп рахмет айтамын. Өз халқыңның мұндай сеніміне ие болудан артық марапат жоқ. Бүгін съезд мінберінен менің атыма жылы лебіздер айтқан баршаға шын жүрегімнен ризамын. Мен алдағы сайлауға «Нұр Отан» партиясынан президенттікке кандидат ретінде түсуге келісім беретінімді мәлімдеймін. Мен Сіздерді, серіктестерімді – нұротандықтарды, барша қазақстандықтарды тағы да жұмылып, жеңіске жетуге шақырамын. Біздің ортақ рухани күш-қуатымыз бен биік мұратымыз – Мәңгілік Ел. Ол біздің XXI ғасырдағы дамуымызға прогресс қуатын дарытатын болады, – деді Қазақстан Президенті.

Съезде мемлекет және қоғам қайраткері К.Сағадиев, Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары, партияның Саяси кеңесінің мүшесі А.Башмаков, Қазақстан Жазушылар одағының Батыс Қазақстандағы бөлімшесінің төрайымы, Қазақстан Республикасының

еңбек сіңірген қайраткері А.Бактыгереева, «Нұр Отан» партиясы Қызылорда облыстық филиалының төрағасы, Қызылорда облысының әкімі Қ.Көшербаев, «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы басқармасы төрағасының орынбасары Р.Ошақбаев, «Тайынша Астық» ЖШС бас директоры А.Рафальский, Алматы облысы Іле ауданының М.Мақатаев атындағы орта мектебінің директоры Г.Нәдірбекова, «Ұлттық ғылыми кардиохирургиялық орталығы» АҚ басқармасының төрағасы, Қазақстанның Еңбек Ері Ю.Пя, «Сәтбаев Оперейтинг» ЖШС-ның бас геологы А.Дәулетов, Павлодар облысының ҚХА жастар бірлестіктерінің үйлестіру кеңесінің төрағасы Э.Паули, айтыскер акын Б.Шойбеков сөз сөйледі.

Сөйлеушілер Қазақстанның Тәуелсіздік алуындағы, қалыптасуындағы және нығаюындағы Нұрсұлтан Назарбаевтың тарихи рөлін атап өтті. Олар сондай-ақ еліміздің басты құндылықтарын – егемендікті, тұрақтылықты, бек-берекені, дамуы және болашаққа ұмтылуды да Мемлекет басшысымен байланыстырды.

Қазақпарат.

2015 жылдың 5 наурызы күні Б.Қолдасбаев атындағы орта мектепте аудан әкімі Ж.Қ.Таукенов ауданымыздағы «Алтын алқа», «Күміс алқа» иегерлері мен ардагер аналарға және әр түрлі салада жемісті еңбек етіп жүрген қыз-келіншектерге арнайы мерекелік дастархан жайып, іс-шаралар ұйымдастырып, сый-сияпат жасады.

Өздігінен жүріп тұра алмайтын аналарға да үйлеріне барып арнайы құттықтаулар ұйымдастырды. Олар: Жұмакүл Құлымбетова, Дариға Өтепбаева, Бике Малаева, Аруаш Бекесова, Балбөпе Мырзабекова, Ақатай Жақыпбекова, Ғалия Байдалина. Бұл кісілер өздеріне көрсетілген құрмет үшін ризалықтарын білдірді.

Мерекесі карсаңында «Әйел - қоғамның тірегі» (мұражай, кітапхана), «Ал, кәнеки, қыздар!» (орталық кітапхана), «Әжелер сайысы» (ардагерлер ұйымы), волейболдан жарыстар т.б. мерекелік іс-шаралар (спорт бөлімі) өтті. Аналарға арналған мерекелік бағдарламалар мектептер мен балабақшаларда да көрініс тапты. Сондай-ақ, ауылдық о-

Аудан әкімі

АНАЛАРҒА ҚҰРМЕТ КӨРСЕТТІ



ругтерде де Әйелдер күніне арналған мерекелік іс-шаралар ұйымдастырылды. Оларға аудан әкімінің арнайы тағайындаған

өкілдері қатысып, аналарды аудан басшысы атынан құттықтады. Аудан әкімі осылайша, Халықаралық Әйелдер күні

мерекесі құрметіне аяулы аналарға, сүйікті жарларға, қызғалдақтай қыздарға көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Жанға жылылық, көңілге

шуақ сыйлайтын жылы лебіздер айтты.

Ал нәзік жандылар болса, мерекелік сыйлықтар алып, гүл шоқтарымен көмкерілді.

Ауданымызда Халықаралық Әйелдер мерекесі жоғарғы деңгейде аталып өтті.

Г. ЖҰМАДІЛДӘҚЫЗЫ.

ПРЕЗИДЕНТТІҢ ҚАЗАҚСТАНДЫ ӨРКЕНДЕТУ ЖОЛЫНДАҒЫ БЕС ХАЛЫҚТЫҚ РЕФОРМАСЫ

Ел тілегі ескерілді.

«Нұр Отан» партиясының кеше өткен XVI съезінде Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауына кандидат болып ұсынылды.

Баршаға бірдей осы заманғы мемлекет: бес халықтық реформа Қазақстан Республикасының Президенті, «Нұр Отан» партиясының Төрағасы Н.Ә.Назарбаевтың партияның XVI съезінде сөйлеген сөзі

Қымбатты қазақстандықтар!

Құрметті делегаттар мен съезд қонақтары!

Баршанызды съезд жұмысының басталуымен құттықтаймын. Сіздер байтақ Қазақстанның барлық аймақтарын қамтитын 850 мың партия мүшесінің атынан келіп отырсыздар. Мен барша партиялас серіктеріме еліміздің гүлденуі мен өсіп-өркендеуі үшін төгілген өлшеусіз тер мен ортақ патриоттық еңбектеріңіз үшін зор ризашылығымды білдіремін. Алдымызда еліміз үшін тағы бір тағдырлы, тарихи белес тұр. Қазақстан халқы Ассамблеясының кезектен тыс Президент сайлауын өткізу туралы бастамасы халықтың тарапынан қызу қолдау тапты. Санаулы күнде маған бұл мәселеге қатысты мыңдаған хат келіп түсті. Құзырлы органдар бұл бастаманы еліміздің зандарына сәйкес деп тапты. 26 сәуірде кезектен тыс президент сайлауын өткізу туралы менің Жарлығым халқымыздың бастамасына жауап болды. Бұл – Отанымызды, бейбітшілік пен келісімді нығайтудағы біздің бағытымызды жалғастыруға жалпыхалықтық ұмтылыс пен бірліктің дәлелі.

Құрметті қазақстандықтар!

Тәуелсіздік жылдары ішінде біз Ұлы жолды жүріп өттік. Біздің еліміз әлемнің неғұрлым бәсекеге қабілетті 50 елінің қатарына енді. ІЖӨ 20 есе өсіп, 2014 жылы жан басына шаққанда 13 мың долларды құрады. Бүгінде біз «Қазақстан-2050» Стратегиясының басты мақсаты – әлемнің неғұрлым дамыған 30 елінің қатарына енуге қол жеткізу жолында жұмыс жүргіздеміз. Өткен 4 жылда 2011 жылдың сайлау науқаны барысында мен айтқан барлық міндеттерге қол жеткізді. Біріншіден, ІЖӨ көлемі орта есеппен жыл сайын 5,7 пайызға өсіп отырды. Үдемелі индустриалық-инновациялық дамудың бірінші бесжылдық жоспары аяқталды. Екіншіден, аграрлық сектор даму үшін қуатты серпін алды. Үшіншіден, инфрақұрылымдық салаларда үлкен өзгерістер болды. Төртіншіден, шағын және орта бизнес дамып келеді. Бесіншіден, Қазақстан әлеуметтік жанғыру жолына бет бұрды. 2010 жылдан бері халықтың табыстары 43 пайызға, ал айлық еңбекақы 130 мың теңгеге жакындап, 64 пайызға өсті. Мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар мөлшері 1,4 есеге, ең төменгі зейнетақы 1,8 есеге өсті. Алтыншыдан, 4 жыл ішінде ауқымды әкімшілік реформа жүргізілді. Мемлекеттік аппарат реформаланып, Үкіметтің функцияларының 60 пайызы министрліктер мен әкімдіктер деңгейіне берілді. Министрліктер саны 17-ден 12-ге дейін онтайландырылды. 9 агенттік қысқартылып, комитеттер ретінде министрліктер құрамына берілді. Аудандық маңыздағы қалалар әкімдерінің, сондай-ақ селолық әкімдердің сайланбалылығы енгізілді. Құқық қорғау органдары мен сот жүйесінде терен реформалар жүруде. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қатаң күрес жүргізілуде. Конфессияаралық келісім мен тыныштықтың арқаулық негізі ретінде мемлекеттің зайырлылық сипаты нығайтылды. Жетіншіден, елдің халықаралық беделі нығайып келеді. Бүгіндей алғанда, біз жоспарланғандардың бәріне қол жеткіздік! Алға қарай қарышты қадам жасалды! Бұл баршамыздың ортақ жеңіс маршмыз! Қазіргі уақытта әлемдегі ахуал күрделілене түсуде. Әлемдік рыноктарда энергия көздері мен металл бағаларының құлдырауы экономикалық тәуекелдерді күрт ұлғайтып жіберді. Барлық дерлік мемлекеттер елеулі геосаяси және экономикалық сын-қатерлерді бастан өткеруде. «Нұрлы Жол» Жана Экономикалық Саясаты Қазақстанның экономикалық тәуекелдерге қояр тосқауылы болды. Ол, біріншіден, инфрақұрылымдық дамудың мемлекеттік бағдарламасы аясында экономикалық ауытқушылыққа қарсы іс-қимыл шараларынан, екіншіден, индустрияландыру бағытының екінші бес жылдығын одан әрі жалғастырудан тұрады. Сондай-ақ, әлеуметтік саясат та айқын белгіленді. Қазақ бюджеттік саясат пен үнем мемлекеттің әлеуметтік міндеттемелеріне өзгеріс енгізбейді. Сонымен бірге, жаһандық сын-қатерлер мен тәуекелдердің тереңдігі сондай, ол әр мемлекеттің тұрақтылығы мен табыстылығын сынаққа салады. Сондықтан да біздің алдымызда жаңа міндеттер тұр. Біріншіден, сыртқы факторлардың мемлекет құрылысына ықпалының теріс сценарийіне жол бермеу. Екіншіден, дамудың қол



жеткізілген қарқынын сақтау. Үшіншіден, одан әрі даму үшін жағдайлар жасау. Төртіншіден, әлемнің 30 дамыған мемлекетіне қарай алға жылжуды жалғастыру. Біздің мемлекеттілігіміздің ауқымды сын-қатерлеріне қалыптан тыс және күшті жауап беру қажет. Бір орында тұруға болмайды. Өз табыстарымызды арқау етіп өзіміздің мемлекеттілігімізді дамыту үшін біздің алға қарай қозғалуымыз керек. Сондықтан да мен бес институттық реформаны алға тартамын. Бірінші – Экономикалық бағдарламаларды сапалы жүзеге асыруды және мемлекеттік қызметтерді ұсынуды қамтамасыз ететін қазіргі заманғы, кәсіби және автономиялы мемлекеттік аппаратты қалыптастыру. Бүгінде әкімшілік мемлекеттік қызметтің саяси деңгейге тәуелді екенін көрмеу мүмкін емес. Бұл, тіпті, ешқандай саясатсыз кәсіби басқару қажет болған кездің өзінде де шешімдер қабылдауды саясаттандырады. Мемлекеттік аппаратта белгілі бір қамқоршының айналасында команда қалыптасады. Мұндай патронат жемқорлық үшін жағдайлар туғызады, тамыр-таныстықты туындатады, кадрлық әлеуетті төмендетеді. Сонымен бірге, еңбекке ақы төлеудің төмендігінен мемлекеттік қызмет тартымсыз күйінде қалуда. Көбіне-көп мемлекеттік қызметшілерде айқын мансаптық келеуше жоқ, ал қызметте жоғарылау сол баяғы қамқоршыларға байланысты. Мен маңызды мемлекеттік бағдарламалар мен жобалардың түрлі деңгейлердегі жекелеген шенеуніктердің біліксіздігінен «зардап шегіп» жатқанын білемін. Сондықтан мемлекеттік қызметшілер корпусын кәсіби және автономиялы етіп жасау маңызды міндет болып табылады. Сайлаулар, министрлердің, әкімдер мен өзге де басшылардың ауысуы әкімшілік мемлекеттік қызметке әсер етпеуі тиіс. Ағымдағы позициялықтан мемлекеттік қызметтің мансаптық моделіне көшу қажет. Әрбір басшы төменнен бастап барлық басқару сатыларынан өтуі тиіс. Мемлекеттік қызметшілерге, олардың басқару үдерісіне қосқан үлесінің нәтижелілігі бойынша еңбекке ақы төлеудің жаңа жүйесін енгізу қажет. Олардың қызметтері мен экономикада қол жеткізген табыстарының әр жылдағы нәтижелері бойынша саяси қызметшілер үшін бонустар және әкімшілік қызметшілер үшін сыйақылар төлеуді қарастыру қажет. Жаксы жұмыс істесе – бонус алады. Жаман жұмыс істесе, экономикада өсу және нәтижелері жоқ болса – тиісінше, еңбекақысы да төмендейді. Бүгінде мемлекеттік қызметшілерге талантты кандидаттарды, соның ішінде жеке сектордан да, іздеудің жаңа арналарын ашатын уақыт келді. Белгілі бір лауазымдарға шетелдік менеджерлерді тарту орынды болмақ. Тілді білмеу де, азаматтық та бұл орайда кедергі болуға тиіс емес. Көптеген табысты елдер осылай жасайды. Мемлекеттік қызметке қабылдау үшін біліктілік талаптары қатандатылуы тиіс. Барлық деңгейлердегі мемлекеттік қызметшілерді толық аттестаттаудан өткізу қажет. Меритократия қағидаттарын қорғау және сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу бойынша жүйелі жұмысты жолға қою маңызды. Ол үшін Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің құрылымында сыбайлас жемқорлықпен күрес жөніндегі жеке дербес бөлімшені құру қажет. Меритократия тек мемлекеттік аппарат үшін ғана емес, сонымен бірге, соттарды, құқық қорғау органдарын, ұлттық компаниялар мен холдингтерді қоса алғанда, бүкіл мемлекеттік сектор үшін де жалпыға бірдей қағидатқа айналуы тиіс. Бізге Мемлекеттік қызмет туралы жаңа заңды әзірлеу, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы Заңға өзгерістер енгізу

қажет болады. Мемлекетке қызмет ету біздің қоғамымыздың бірлігін нығайту үшін негіз болуы тиіс. Мемлекеттік қызмет этностық қатыстылығына қарамастан, меритократия қағидаттары негізінде өзін өзі көрсетуге бірдей мүмкіндіктер беретін әділетті қазақстандық қоғамның түпбейнесіне айналуы керек. Екінші – Меншік құқығына кепілдік беретін, кәсіпкерлік қызмет үшін, келісімшарттық міндеттемелерді қорғау үшін жағдай жасайтын, түптеп келгенде экономикалық өсім үшін негіз болатын заңның үстемдігін қамтамасыз ету. Бүгінде сот жүйесінің әлсіз буыны – судьялар корпусы арасындағы сыбайлас жемқорлық көріністеріне жиі-жиі соқтырып жататын судьяларды іріктеу, судьяларға қойылатын біліктілік талаптарының тиімсіздігі. Судьялар корпорациямен меніреу тұмшаланбауы тиіс және қоғамдық сыннан тыс болмауы керек. Ашықтық – судьялар қатарындағы жемқорлықтан емдейтін дәрі. Ішкі істер органдарының жұмысы да қоғам үшін мөлдір емес. Полиция қоғамның өзіне деген сенімін арттыратындай етіп жұмыс істеуі керек. Бүгінде азаматтар жол инспекциясы офицерінің жол қозғалысы ережесін бұзғаны үшін әкімге немесе министрге айыппұл салатынына онша сене қоймайды. Бұл ретте АҚШ-тың Мемлекеттік хатшысына қатысты таяуда болған мысалды келтіруге болады. Джон Керриге өз үйінің алдындағы қарды тазартпағаны үшін айыппұл салынды. Сондықтан полицияның мәртебесі мен оның азаматтар алдындағы жауапкершілігін арттыру қажет. Құқық қорғау органдарының мөлдірлігін, ақпараттық технологияларды дамыту, патрульдік қызметті бейнетіркеушілермен жабдықтау бойынша шаралар дәстесін қалыптастыру керек. Полицияға кәсіби және психологиялық іріктеудің жаңа жүйесін енгізіп, полицейлердің өздерінің біліктіліктерін тұрақты түрде арттырып және растап отыруын қамтамасыз ету маңызды. Судьяларға қойылатын біліктілік талаптарын қатайту қажет. Судьялар корпусындағы орыннан үміткер кандидаттың нотариуста, полицияда немесе заңгерлік ЖОО-да емес, сот жүйесінде бес жылдан кем емес жұмыс өтілі болуы тиіс. Кандидаттар негізгі жұмысынан босатылған негізде және бір жылдан кем емес мерзімде соттарда өтетін сот тағылымдамасы үшін шарт ретінде қатаң тәстілік іріктеуден өтуі тиіс. Кез келген жоғары тұрған судья төменгі соттарда жұмыс істеп көруі керек. Сол сияқты қызметін жаңа бастаған судьялар үшін ұзақтығы бір жылдан кем емес сынақ мерзімін енгізу де маңызды, оны табысты өткеннен кейін олардың үздіктері судьялыққа сайланады. Шетелдік және отандық инвесторлар қазақстандық әділ соттың адалдығына сенімді болуы тиіс. Оған деген сенімді арттыру үшін инвестициялық дауларды қарауға шетелдік судьяларды тартып, мұндай дауларды шетелдік және халықаралық соттардың үздік стандарттары бойынша қарау қажет. Айрықша мәселе – елдің Қарулы Күштерін жаңғырту. Олар заманауи, жұмылғыш, кәсіби болуы тиіс. Кәсібилік және озық қару-жарақпен, сондай-ақ, техникамен жарақтандыру есебінен армияның жауынгерлік қабілетін арттыруды қамтамасыз ету керек. Үшінші – Индустрияландыру және әртараптандыруға негізделген экономикалық өсім. Кәсіби мемлекеттік қызмет және заңның үстемдігі орта тапты жедел қалыптастыру үшін экономикалық реформалардың кешенін жүзеге асыруға жағдай жасайды. Сапалы өсім мен экономиканы әртараптандыруға қол жеткізу үшін біз индустрияландыру бағдарламасын жүзеге

асырудамыз. Ол уақтылы және мейлінше қажет шара болып табылады. Индустрияландыру – экономиканың құралы ғана емес, сонымен бірге, мемлекет дамуының және орта тапты қалыптастырудың маңызды факторы. Дегенмен, индустрияландыру мен өңдеу секторы әзірге экономикалық өсімнің нағыз қозғаушысы бола алған жоқ. Үкімет онымен айналысуы тиіс. Ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау жүйесінде де қиғаштықтар бар. Аграрлық секторға бюджеттен қосымша құны төмен сала өнімдері өндірісін субсидиялауға қомақты қаржы бөлінеді. Оның үстіне, ауыл өндірушілері салық төлемейді десе де болады. Бүгінде ауыл шаруашылығы шикізатын қайта өңдеу секторын жаңа кешенді бағдарламалар негізінде дамыту маңызды. Бұл орайда, қайта өңдеу салаларында трансұлттық компаниялардың қатысуымен шамамен 10 ірі жобаны жүзеге асыруға кірісу қажет. Индустрияландыру, сонымен қатар, шағын және орта бизнес арқылы жұмыс орындарын құру мен елдің экспорттық әлеуетін дамытуға бағытталып отыр. Қазір кедендік ресімдеулер көп уақыт алады, тариф саясаты күрделі және шым-шытырық болып табылады, тарифтік емес кедергілер әлемдік тәжірибеге қарағанда келеді. Еуразиялық одақ аясында тариф саясатын онтайландыру бойынша ауқымды жұмыс жүргізу қажет. Болашақтағы басты міндет экономикалық даму серпінін қамтамасыз ету болып отыр. Жұмыстың қорытындылары экономиканы әртараптандыру есебінен жаңа 3-4 экспорттық өнімдердің туындауы болуы тиіс. Шағын және орта сервистік кәсіпорындар саласындағы даму шешуші бағыт болып табылады. Туризмді дамытуда жаңа бағдарламасын қабылдаған жөн. Бұл – артық еңбек ресурстарын ауылды жерлерге тартудың маңызды мәселесі. Бізде урбанизация әлсіз. Халықтың 43 пайызы ауылды жерлерде тұрады. Қазақстанның интеграциялық саясаты барысында ел экономикасының әлемдік шаруашылық байланыстарға тартылуын кеңейту үшін құралдар қалыптастырылды. Алматыда қаржы орталығын құру үдерісі жоғары серпінділік алуы тиіс. Бұл жерде Алматының арнайы мәртебесін заңнамалық бекіту маңызды. Төртінші – Болашағы біртұтас ұлт. Біз өзіміздің тұрақтылық және келісім моделін дамытуда айтарлықтай табыстарға жеттік. Қазақстан Конституциясы нәсілдік, этностық, діни және әлеуметтік қатыстылығына қарамастан, барлық азаматтың құқықтық теңдігіне кепілдік береді. Сонымен қатар, қазақстандық біртектілікті одан әрі нығайту қажет. Ол азаматтық қағидатына негізделуі тиіс. Барлық азаматтар құқықтың бір көлемін пайдалануы, жауапкершіліктің бір жүгін арқалауы және тең мүмкіндікке қолжетімділікті иеленуі керек. Мәңгілік Ел идеясы арқауындағы жұмылдырушы құндылықтар – азаматтық теңдік; еңбексүйгіштік; адалдық; оқымыстылық пен білімді қастер тұту; зайырлы ел – тағаттылық елі. Осындай жағдайда азаматтық орнықты және табысты мемлекеттің ең сенімді іргетасы болады. Мемлекет құраушы ұлт ретінде қазақ халқына айрықша жауапкершілік жүктеледі. Қазақтар Жаңа Қазақстанның болмысын қалыптастыруда барша ұлыстарды ұйыстырушы рөлге ие. Бұл – қазақтың ұлттық сипатын сақтап, дамытудың және еліміздің қазақы болмысын нығайтудың басты факторы. Тілдердің ұштұғырлығын – қазақ, орыс және ағылшын тілдерін дамыту – қоғамды топтастырудың, оның бәсекеге қабілеттілігі өсімінің кепілі. Қазақстанның барлық азаматтары үшін қандай да бір өзгешеліктер мен шектеулерсіз тиімді әлеуметтік лифтерді қамтамасыз ету қажет. Біздің басты мақсатымыз – қазақстандықтар жаңа жалпыұлттық құндылықтарды – құқықтың үстемдігін, мемлекеттік дәстүрлерді, қазақстандық құндылықтарды – өздерінің этностық мінез-құлық модельдерінен жоғары қоюлары керек. Барлық қазақстандықтар үшін қазақстандықтың бойында азиялықтың да, еуропалықтың да озық сапаларын шынайы сүзгіден өткізетін еуразиялық идеясы біріктіруші болып табылады. Орта тап қазақстандық ұлттың негізі, кәсіби мемлекеттік аппарат қалыптастырудың қайнар көзі ретінде қарастырылуы тиіс. Бұл – заң үстемдігіне барынша мүдделі және мемлекеттің халық пен елдегі тұрақтылыққа есептілігінің қозғаушы күші. Сондықтан нақ кең көлемді орта тап ұлттық біртектілікті қалыптастырудың өзегі болып табылады. Мемлекеттің аса маңызды құжатында ресімделген Мәңгілік Ел идеясы жалпыазаматтық құндылықтар жүйесі ретінде көрінуі тиіс. Мектептерде бүкілқазақстандық «Мәңгілік Ел» идеясының құндылықтарын оқыту бағдарламасына енгізу қажет. Біздің елімізде 17 конфессияның өкілдері бейбітшілік пен келісімде тату-тәтті тұрып жатыр.

(Жалғасы 8-бетте)

ПРЕЗИДЕНТТІҢ ҚАЗАҚСТАНДЫ ӨРКЕНДЕТУ ЖОЛЫНДАҒЫ БЕС ХАЛЫҚТЫҚ РЕФОРМАСЫ

Олардың ішіндегі аса ірілері – ислам, православие және протестанттық. Қазақстан аумағында тарихи қалыптасқан Ханафит исламы ұстамдылығымен және төзімділігімен, ислам құндылықтарын парасатты түсіндіруімен ерекшеленеді. Қазақстандағы тегі славян тұрғындарының көп бөлігіне тән православие басты мәселе ретінде адамның ар-ұяты мен адамгершілік таңдауын, ізгілік пен аяушылықты қояды. Соңғы жылдары Қазақстанда протестанттық шіркеуге барушылар қатары өскені байқалады. Протестанттық табысты және өнімді еңбекті, ұқыптылық құндылықтары мен қайырымды істерді адам өмірінің өзегі ретінде қарастырады. Осылайша, әр діннің өз қасиеті бар. Олар қашанда қазақстандықтарды біріктіріп, бейбітшілік пен келісім, қоғам мен экономиканы дамыту, мемлекетті нығайту ісіне қызмет етуі тиіс. Бесінші – Транспарентті және есеп беруші мемлекет. Қазақстан қоғамы өзгерістерге кезең-кезеңмен бейімделіп келеді. Бұл – бізге ішкі қарама-қайшылықтардың ушығуға ұрынбай, саяси тұрақтылықты нығайтуға мүмкіндік беретін маңызды фактор. Көптеген елдердің тәжірибесі «әуелі – күшті мемлекет және экономика, содан кейін саясат» қағидатын бұзу апаттарға алып келіп, қоғамды «сындыратынын» көрсетіп отыр. Біреулерінде саяси режімдерді бұзу орын алып, басқаларында экономика қирап, жанжалдар және тіпті, азамат соғыстары пайда болады. Біз мұны түрлі елдердің тарихтарынан жақсы білеміз және бүгін көптеген мемлекеттерден көзбе-көз көріп отырмыз. Әлемнің түрлі өңірлеріндегі соңғы азамат соғыстары мен қанды жанжалдар тізбегі ойластырылмаған және жеделдетілген демократияландыру мемлекеттің тұрақтылығына кепілдік бермейтінін және табысты экономикалық жаңғыртуды қамтамасыз етпейтінін көрсетіп берді. Саяси мәдениетсіз сайлаудың салдарын көптеген елдердің қазіргі ахуалынан бағамдауға болады. Соңғы жылдары кейбір елдердің азаматтары еңбек етуді ұмытты. Наразылық шерулері сөнге айналды. Адамдары митингке шығуға күнделікті жұмысқа барғандай асығатын болды. Сол үшін оларға арандатушылар жалақы төлейтін болды. Сайлау жұртты біріктіретін емес, бауырларды бөлетін, ағайынды араздастырып, өзара қару кезеңдіретін болды. Көшедегі қарабайыр саясатшылдық пен тек сайлаудан сайлауға дейін өмір сүру ақылды елдің жолы емес. Елге қызмет ету үшін емес, мансап үшін билікке ұмтылу да абырты әпермейді. Осы орайда ұлы Абайдың қара сөздерін еске түсірейік. Ол үшінші қара сөзінде былай дейді: «Үш жылға болыс сайланады. Әуелгі жылы «Сені біз сайламадық па» деп елдің бұлданғанымен күн өтеді. Екінші жылы кандидатпен аңдысып күн өтеді. Үшінші жылы сайлауға жақындап қалып, тағы болыс болып қалуға болар ма екен деп күн өтеді. Енді несі қалды?». Сайлау – әншейін сайлау өткізу үшін емес, елді бірлікке шақырып, жұртты еңбекке ұйыту үшін болса, ғанибет. Сондықтан жоғарыда айтылып кеткен төрт мақсатты орындап, содан кейін саяси мәселелерге көшкен жөн. Бұл жолды дүниежүзілік тәжірибе көрсетіп отыр. Бес институттық реформалар – ел дәл осындай ізділікпен өтуі тиіс бес қадам. Тек осындай жағдайда ғана біздің реформаларымыз тиімді болады, ал қоғам мен мемлекет біртұтас және тұрақты болады. Нақ осындай жолдан барлық табысты мемлекеттер өткен. Біріншіден, мемлекеттік органдар басшыларының есептілігі тәжірибесін кеңейткен жөн. Екіншіден, шешім қабылдау үдерісінің мөлдірлігін қамтамасыз ету керек. «Ашық үкімет» тетігі арқылы азаматтар барлық деңгейдегі мемлекеттік органдардың шешім қабылдау үдерістеріне белсенді тартылуы тиіс. Бұл үшін жасау және қабылдау алда тұрған көпшілік ақпараттарға қолжетімділік туралы жаңа заң осыған негіз болады. Мемлекеттік органдар мен әкімдіктер жанындағы қоғамдық кеңестердің рөлін күшейту маңызды. Үшіншіден, азаматтық бюджеттендіруді енгізген жөн. Әңгіме азаматтық қоғам өкілдерінің өңірлердегі

бюджет қаржысын бөлуге қатысуы туралы болып отыр. Төртіншіден, шағым жасау жүйесін нығайту маңызды. Заңнамада азаматтардың мемлекеттік қызметшілердің іс-қимылына шағым жасауына мүмкіндіктер кеңейтілген болуы керек. Бесіншіден, қоғамда өзін өзі реттеуді кеңінен енгізуді қамтамасыз ету қажет. Мемлекеттік органдар жауапкершілігі аймағын әлеуметтік маңызды мемлекеттік қызмет көрсетулер, олардың дайындығына орай азаматтық қоғам институттарына байланысты өкілеттіктерді бере отырып, кезең-кезеңмен қысқарту керек. Осы бес бағыт бойынша оң нәтижелерге қол жеткізілуімен жергілікті атқарушы органдардың жаңа сайлау жүйесі туралы мәселені шешуге болады. Билік өкілеттіктерін біздің дәстүрлерімізді есепке ала отырып Президенттен Парламентке және Үкіметке қайта бөлуді көздейтін конституциялық реформа кезең-кезеңімен жүргізілетін болуы тиіс. Осы бес реформа жинала келіп, Қазақстан мемлекеттілігін нығайту мен әлемдегі дамыған 30 елдің қатарына ену үшін жағдайлар жасайды. Бұл – «2050-Стратегиясын» орындауға бастар жол. Бес институттық реформаның әрқайсысы – ел үшін орасан зор сын-қатер және үлкен жұмыс. Мұндай реформалар тек билік пен халықтың мықты ерік-жігерімен ғана қамтамасыз етіле алады. Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғанындай, күшті мемлекет, дамыған және либералды қоғам қалыптасуы үшін елдің алға қарай 40-50 жыл бойы тұрақты қозғалысы қажет. Ұсынылып отырған шаралар қоғамдық қатынастар жүйесін түбегейлі өзгертеді. Оларды жүргізу үшін мен Президент жанынан Жаңғырту жөніндегі ұлттық комиссия құруды ұсынамын. Ол бүкіл реформалар кешенін жүзеге асыруды үйлестіретін болады. Осылайша, біздің алдағы жылдардағы ең өзекті мақсатымыз – осы бес халықтық реформаны іске қосып, кезең-кезеңімен жүзеге асыру.

Қымбатты қазақстандықтар!

Бірнеше күн ішінде мен еліміздің азаматтарынан, еңбек ұжымдарынан, білім беру мекемелерінен, қоғамдық бірлестіктерден кезектен тыс президенттік сайлау өткізуді қолдау және менің кандидатурамды осы сайлауға ұсыну туралы өтініш білдірген орасан көп хаттар мен үндеулер алдым. Менің Қазақстан мен қазақстандықтардың игілігі жолындағы еңбегіме жоғары баға берген баршаңызға зор рахмет! Өз халқыңның осындай сеніміне ие болудан артық марапат жоқ. Бүгін съезд мінберінен менің атыма жылы сөздер айтқан баршаға шын көңілден ризамын. Мен алдағы сайлауға «Нұр Отан» партиясынан президенттікке кандидат ретінде түсуге өзімнің келісімімді беретінім туралы мәлімдеймін. Мен сіздерді, менің серіктерім – нұротандықтарды, барлық қазақстандықтарды тағы да топтасып, жеңіске жетуге шақырамын! Біздің ортақ рухани күшіміз бен жоғары мақсатымыз: Мәңгілік Ел! Ол біздің ХХІ ғасырдағы дамуымызды прогресс қуатымен толтыратын болады.

Қымбатты отандастар!

Тәуелсіздікті алу үшін қандай қажыр-қайрат керек болса, оны баянды ету үшін одан да зор қажыр-қайрат керек. Кейінгі ұрпаққа кемел Қазақстанды табыстау – бәрімізге ортақ парыз. Біз әлемдегі ең мықты 50 елдің сапына еркін қосылып, енді ең қуатты 30 елмен иық тірестіру жолына түстік. Біздің ашық аспан астында ештеңеге теңгермейтін бір ғана Отанымыз бар, ол – Тәуелсіз Қазақстан! Бізге ХХІ ғасырда бағдар болатын бір ғана стратегия бар, ол – «Қазақстан-2050!»! Баршамызды ерен істерге жетелейтін бір ғана ұлы мақсат бар, ол – Мәңгілік Ел! Осы жолда күллі халқымызды біріктіруге, мақсатымызды орындауға жұмылдыратын «Нұр Отан» партиясы! Қасиетті Отанымызды нұрландыра түсу үшін бір тудың түбіне жиналып, жарқын болашаққа бірге қадам басайық! Біз қашанда біргеміз! Алға, Нұр Отан! Алға, Қазақстан!

Қазақакпарат.

Партия филиалы іс үстінде

«БІРЫҢҒАЙ АШЫҚ ЕСІК КҮНІ» ӨТТІ



«Нұр Отан» партиясы Амангелді аудандық филиалының ғимаратында «Нұр Отан» партиясының құрылған күніне орай «Бірыңғай ашық есік күні» өтті.

Аудан әкімі, «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалының төрағасы Ж.Таукенов қоғамдық қабылдау жасады.

Қабылдауға «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары А.Ташимов, аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы Н.Тажин, экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің басшысы М.Сакетов, аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы Н.Қойшығұлов, «Амангелді аудандық Жастар Кеңесі» ҚБ атқарушы

директоры Н.Игіліков және «Даму» қоры мен кәсіпкерлер палатасының қызметкерлері қатысты.

Қабылдауда болған Байғабал ауылының тұрғыны Әлихан Нұрқенов жеке кәсібін ашу үшін рұқсат қағаздарын рәсімдеуге көмек көрсетуді сұраса, Амангелді селосының тұрғыны, жас маман Жадыра Жантенова тұрғын үй мәселесі жөнінде, аудан тұрғыны, белсенді жастардың бірі Жасұлан Құсайынов шағын футболдан аудан біріншілігін өткізу туралы, Аккісі ауылының тұрғыны Серікқали Уалиев мал шаруашылығымен айналысу үшін несие алуға көмек сұрау т.б. мәселелер көтерілді.

Осы айтылған өтініштердің бәрін мұқият тыңдаған аудандық филиалдың төрағасы салалық мекеме басшыларын қатыстыра отырып, олардың мәселелерін шешуге жағдай жасап, бұл өтініштердің бәріне де құзырлы мекемелер арқылы тиісті жауабы берілетіндігін жеткізді.

Б.ТЕМІРБАЙ

Аудандық комиссияда

КЕЗЕКТІ ОТЫРЫС ӨТТІ

Жақында аудандық көмелетке толмағандар істері және олардың құқығын қорғау комиссияның кезекті отырысы өтті.

Отырысты оның төрағасы, аудан әкімінің орынбасары С.У.Хайруллин ашып, жүргізіп отырды.

Отырыстың күн тәртібінде төмендегі мәселелер қаралды: 1. Көмелетке толмағандар арасындағы суицид және жазатайым оқиғаларының алдын алу мақсатындағы психологтың атқарған жұмыстары туралы.

(Хабарламашылар: А.Нурманов атындағы орта мектептің директоры К.Шонғалов және Н.Мейірманов атындағы орта мектептің директоры Б.Шайқамалов).

2. Құқық бұзушылық пен қылмыстылықтың алдын алу және өмірде қиын жағдайға тап болған балаларды дене шынықтыру мен спортпен айналысуға тарту жөнінде атқарылған жұмыстар жайлы.

(Хабарламашылар: Амангелді аудандық дене тәрбиесі және спорт комитеті басшысы Б.Мусин, балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің директоры Н.Өбдіхалықов).

3. Б.Қолдасбаев атындағы орта мектептің 09.02.2015 жылғы №36 хабарламасы бойынша бала тәрбиесіндегі ата-ана жауапкершілігі жөнінде.

(Хабарламашы: Б.Қолдасбаев атындағы орта мектеп директоры А.Айтмағамбетов).

Комиссия күн тәртібіндегі мәселелерді жан-жақты талқылай келе, 10 тармақтан тұратын қаулы қабылдады.

Отырысты С.У.Хайруллин қорытындылап, суицид және жазатайым оқиғалардың алдын алуға, сонымен қатар құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу, өмірде қиын жағдайларға тап болған балаларды дене шынықтырумен, спортпен айналысуға тартуда жүйелі және тиянақты жұмыс жасауды алға қойды. Бұл тарапта аудандық білім бөлімі мен орта мектептердің әкімшіліктері және аудандық дене тәрбиесі мен спорт комитеті, балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі әкімшілігі бірлесіп, ынтымақты жұмыс жасаудың маңызы зор екенін атап көрсетті.

КОМИССИЯ ОТЫРЫСЫ

2015 жылдың 12 наурыз күні сағат 11-де аудан әкімінің жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссияның отырысы өтті.

Отырысты комиссия төрағасы, аудан әкімінің орынбасары С.У.Хайруллин ашып, жүргізіп отырды.

Күн тәртібінде төмендегі мәселелер қаралды:

1. «Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссияның 2014 жылғы жұмыс жоспарының орындалуы және 2015 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту».

(Хабарламашы: комиссия хатшысы)

2. «Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Нұрлы жол - болашаққа бастар жол» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде әйелдердің кәсіпкерлікпен айналысуына жағдай туғызу, шағын несилерге қолжетімділігін қамтамасыз ету туралы».

(Хабарламашы: Ж.С.Әубәкір - аудандық кәсіпкерлік және ауылшаруашылығы бөлімі басшысының орынбасары,

Шешімнің орындалуына бақылау жасау комиссия төрағасының орынбасары А.Ибраеваға жүктелді.



Облысымызда Ұлы Отан соғысының 70 жылдығы қарсаңында соғыс ардагерлеріне дабыл түймесі орнатылған телефондарды табыстау шарасы жалғасын табуда. Бұл өнегелі істің жүзеге асуына «Жас Отан» жастар қанаты Қостанай филиалының еріктілері үлес қосуда. «Нұр Отан» партиясының «Ардагерлерді ардақтайық» акциясы аясында өтіп жатқан «Жасотандық» еріктілер Қостанай облысының барлық соғыс ардагерлеріне барып, дабыл түймесі орнатылған ұялы телефон табыстауда.

«Жасотандық» еріктілер мектебі студенттерден құралған. Олар оқудан кейінгі бос уақыттарында ардагерлерге көмектеседі. Жастардың бұл бастамасы құптарлық іс.

6 наурыз күні Қостанай қаласынан келген осындай жастардың бірі Рабиға Нұрланқызы ауданымыздағы соғыс

ҰЯЛЫ ТЕЛЕФОН ТАБЫСТАДЫ



және еңбек ардагері Ертай Мұқановқа дабыл түймесі орнатылған ұялы телефонды табыстап, оны пайдаланудың жолдарын түсіндірді.

Соғыстың небір зұлматы мен зардабын басынан кешірген Ертай ақсақал өзін Қостанай қаласынан арнайы іздеп келіп, дабыл түймесі бар телефон сыйлаған Рабиға қызының ісіне ба-

лаша қуанып, ақ алғысын білдірді.

Сонымен қатар ол Елбасымыз - Ұлт Кеңесшісі Н.Ә.Назарбаевтың соғыс ардагерлеріне ерекше құрмет жасап келе жатқанына өзінің ризалығын білдірді.

- Әлемде енді соғыс болмауын тілейміз. Өйткені соғыс барлық жерде қасірет әкеледі. Қазір әлем үлкен

дүрбелең үстінде. Алайда, сол дүрбелеңді ақылмен, парасатпен тоқтатып, барлық ұлттардың ынтымақта, бірлікте өмір сүрулеріне барлық жағдай жасау - адамзат баласы алдындағы қазіргі ең басты міндет, - деді Ертай ақсақал.

Г.СМАЙЫЛОВА,
өз тілшіміз.



Амангелді ауданы әкімдігінің №17 ҚАУЛЫСЫ
6 ақпан 2015 жыл Амангелді ауылы

**«АМАНГЕЛДІ АУДАНЫ ӘКІМДІГІНІҢ
ВЕТЕРИНАРИЯ БӨЛІМІ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕНІ БЕКІТУ ТУРАЛЫ**

Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық кодексінің 41-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31- бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңының 18-бабына және «Ветеринария туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңына сәйкес Амангелді ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған «Амангелді ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі» мемлекеттік мекемесі туралы ереже бекітілсін.
2. «Амангелді ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі» мемлекеттік мекемесі әділет органдарында мемлекеттік тіркелуді заңнамамен белгіленген мерзімде жүргізсін.
3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қаулы 2015 жылы 2 наурызда нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №5382 болып тіркелді.

Аудан әкімі	Ж.Таукенов
Амангелді ауданы әкімдігінің 2015 жылғы «6» ақпандағы №17 қаулысымен бекітілген	
«Амангелді ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі» мемлеттік мекемесі туралы ереже	
1. Жалпы ережелер	

1. «Амангелді ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі» мемлекеттік мекемесі ветеринария саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.
2. «Амангелді ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі» мемлекеттік мекемесінің мынадай ведомствосы бар: «Амангелді ауданының ветеринария бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Амангелді мал дәрігері» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны.
3. «Амангелді ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі» мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті және Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.
4. «Амангелді ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі» мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.
5. «Амангелді ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі» мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.
6. «Амангелді ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі» мемлекеттік мекемесі, егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.
7. «Амангелді ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі» мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен «Амангелді ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі» мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.
8. «Амангелді ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі» мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.
9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: 110200, Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Амангелді ауданы, Амангелді ауылы, Майлин көшесі, 14.
10. Мемлекеттік органның толық атауы – «Амангелді ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі» мемлекеттік мекемесі.
11. Осы ереже «Амангелді ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі» мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.
12. «Амангелді ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі» мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.
13. «Амангелді ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі» мемлекеттік мекемесі кәсіпкерлік субъектілерімен «Амангелді ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі» мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.
- Егер «Амангелді ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі» мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Мемлекеттік органның миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

14. «Амангелді ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі» мемлекеттік мекемесінің миссиясы: өз құзыреті шегіндегі ветеринария саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыру болып табылады.
15. «Амангелді ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі» мемлекеттік мекемесі қызметінің міндеттері:
 - 1) халықтың денсаулығын жануарлар мен адамға ортақ аурулардан қорғау;
 - 2) жануарларды аурулардан қорғау және емдеу;
 - 3) ветеринариялық-санитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
 - 4) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағын басқа мемлекеттерден жануарлардың жұқпалы және экзотикалық ауруларының әкелінуі мен таралуынан қорғау;
 - 5) жеке және заңды тұлғалар ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыруы кезінде қоршаған ортаны ластаудың алдын алу және оны жою.
16. Функциялары:
 - 1) облыстың жергілікті өкілді органына бекіту үшін жануарларды асырау қағидаларын, иттер мен мысықтарды асырау және серуендету қағидаларын, қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою қағидаларын, жануарларды асыраудың санитариялық аймақтарының шекараларын белгілеу жөнінде ұсыныстар енгізу;
 - 2) қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру;
 - 3) ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарға сәйкес мал қорымын (биотермиялық шұңқырларды) салуды ұйымдастыру және оларды күтіп-ұстауды қамтамасыз ету;
 - 4) жануарларды өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілерін, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөп және жемшөп қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарды пайдалануға қабылдайтын мемлекеттік комиссияның жұмысын ұйымдастыру;
 - 5) жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты алып қоймай залалсыздандыру (зарарсыздандыру) және қайта өңдеуін ұйымдастыру;
 - 6) жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін, алып қоймай залалсыздандырылған (зарарсыздандырылған) және қайта өңделген жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың құнын иелеріне өтеу;
 - 7) мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілеріне ветеринариялық-санитариялық қорытынды беруге құқығы бар мемлекеттік ветеринариялық дәрігерлер тізімін бекіту;
 - 8) эпизоотологиялық зерттеп-қарау актісін беру;
 - 9) Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасы талаптарының сақталуы тұрғысынан мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асырады;
 - ішкі сауда объектілерінде; жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілерінде, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарда (импортпен және экспортпен байланыстыларды қоспағанда); ветеринариялық препараттар өндіруді қоспағанда, ветеринария саласындағы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын адамдарда; экспорттын (импортын) және транзитін қоспағанда, тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді тасымалдау (орнын ауыстыру), тиеу, түсіру кезінде; экспортты (импортты) және транзитті қоспағанда, жануарлар ауруларының қоздырушыларын тарататын факторлар болуы мүмкін көлік құралдарының барлық түрлерінде, ыдыстың, буып-түю материалдарының барлық түрлері бойынша; тасымалдау (орнын ауыстыру) маршруттары өтетін, мал айдалатын жолдарда, маршруттарда, мал жайылымдары мен суаттардың аумақтарында; экспортты (импортты) және транзитті қоспағанда, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді өсіретін, сақтайтын, өңдейтін, өткізетін немесе пайдаланатын жеке және заңды тұлғалардың аумақтарында, өндірістік ұй-жайларында және қызметіне жүзеге асыру;
 - 10) мал қорымдарын (биотермиялық шұңқырларды), орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді күтіп-ұстауға, өсіруге, пайдалануға, өндіруге, дайындауға (союға), сақтауға, қайта өңдеу мен өткізуге байланысты мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілерін орналастыру, салу, реконструкциялау және пайдалануға беру кезінде, сондай-ақ оларды тасымалдау (орнын ауыстыру) кезінде зоогигиеналық және ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптардың сақталуына мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;
 - 11) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында жануарлардың энзоотиялық аурулары бойынша ветеринариялық іс-шаралар өткізуді ұйымдастыру;
 - 12) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру, ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дерекқорды жүргізу бойынша іс-шаралар өткізуді ұйымдастыру;
 - 13) облыстың жергілікті атқарушы органына жануарлардың жұқпалы және жұқпалы емес ауруларының профилактикасы бойынша ветеринариялық іс-шаралар жөнінде ұсыныстар енгізу;
 - 14) облыстың жергілікті атқарушы органына профилактикасы мен диагностикасы бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын жануарлардың энзоотиялық ауруларының тізбесі жөнінде ұсыныстар енгізу;

- 15) ветеринариялық препараттардың республикалық қорын қоспағанда, бюджет қаражаты есебінен сатып алынған ветеринариялық препараттарды сақтауды ұйымдастыру;
- 16) облыстың жергілікті атқарушы органына тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында ауданның ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі ветеринариялық іс-шаралар туралы ұсыныстар енгізу.
- 17) ауру жануарларды санитариялық союды ұйымдастыру;
- 18) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру;
17. Ведомстволардың функциялары:
 - 1) жануарлардың аса қауіпті, жұқпалы емес және энзоотиялық ауруларына қарсы ветеринариялық іс-шаралар жүргізуді;
 - 2) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуді;
 - 3) ауыл шаруашылығы жануарларын қолдан ұрықтандыру бойынша қызметтер көрсету;
 - 4) қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды өткізу;
 - 5) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дерекқорды жүргізуді және одан үзінді көшірмелер беру;
 - 6) биологиялық материалдың сынамаларын алуды және оларды ветеринариялық зертханаға жеткізуді;
 - 7) ауру жануарларды санитариялық союға тасымалдау бойынша қызмет көрсету;
 - 8) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асырады.
18. Құқықтары мен міндеттері:
 - 1) мемлекеттік органдардан және лауазымды тұлғалардан қажетті ақпаратты, құжаттарды және басқа да материалдарды сұратуға және алуға;
 - 2) Республика заңдарын, облыс және аудан әкімдерінің актілері мен тапсырмаларын орындау барысында анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктерді жоюды талап ету;
 - 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған басқа да құқықтырды және міндеттерді жүзеге асыру.

3. Мемлекеттік органның қызметін ұйымдастыру

19. «Амангелді ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі» мемлекеттік мекемесі басшылықты «Амангелді ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі» мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.
20. «Амангелді ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысын Амангелді ауданы әкімінің өкімімен қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.
21. «Амангелді ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысының өкілеттігі:
 - 1) Мемлекеттік мекеменің жұмысын ұйымдастырады және басқарады;
 - 2) «Амангелді ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі» мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттерін орындауға жеке жауапты болады, энзоотиялық және жан-жануарлардың ерекше қауіпті аурулары бойынша ветеринарлық іс-шаралар жүргізуге бөлінген бюджеттік қаражатты нысаналы пайдалануды қамтамасыз етеді;
 - 3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша қабылданған шараларға жеке жауапты болады;
 - 4) заңнамада белгіленген тәртіпке сәйкес қызметкерлерді қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;
 - 5) «Амангелді ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі» мемлекеттік мекемесі қызметкерлердің өкілетіктері мен міндеттерін анықтайды;
 - 6) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес мемлекеттік органдарда, ұйымдарда «Амангелді ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі» мемлекеттік мекемесін ұсынады;
 - 7) заңнамаға сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.
- «Амангелді ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі» мемлекеттік мекемесінде бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

4. Мемлекеттік органның мүлкі

22. «Амангелді ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі» мемлекеттік мекемесінің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.
- «Амангелді ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі» мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (акшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.
23. «Амангелді ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі» мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.
24. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, «Амангелді ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі» мемлекеттік мекемесі өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру қоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілімен билік етуге құқығы жоқ.

5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

25. «Амангелді ауданы әкімдігінің ветеринария бөлімі» мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.



ПОСТАНОВЛЕНИЕ №17
Амангельдинского районного акимата
6 февраля 2015 года село Амангельды

Об утверждении Положения о
государственном учреждении «Отдел
ветеринарии акимата Амангельдинского
района»

В соответствии со статьями 41 Гражданского кодекса Республики Казахстан от 27 декабря 1994 года, статьей 31 Закона Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», статьей 18 Закона Республики Казахстан от 1 марта 2011 года «О государственном имуществе» и Законом Республики Казахстан от 10 июля 2002 года «О ветеринарии» акимат Амангельдинского района ПОСТАНОВЛЯЕТ:

1. Утвердить прилагаемое Положение о государственном учреждении «Отдел ветеринарии акимата Амангельдинского района».
2. Государственному учреждению «Отдел ветеринарии акимата Амангельдинского района» провести государственную регистрацию в органах юстиции в установленном законодательством срок.
3. Настоящее постановление вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

Зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за №5382
2 марта 2015 года.

Аким района

Ж. Таукенов

Утверждено постановлением акимата
Амангельдинского района от «6» февраля 2015 года №17

ПОЛОЖЕНИЕ
о государственном учреждении «Отдел ветеринарии
акимата Амангельдинского района»

1. Общие положения

1. Государственное учреждение «Отдел ветеринарии акимата Амангельдинского района» является государственным органом Республики Казахстан, осуществляющим руководство в сфере ветеринарии.
2. Государственное учреждение «Отдел ветеринарии акимата Амангельдинского района» имеет ведомства:
Коммунальное государственное предприятие «Аманкелді мал дәрігері» государственного учреждения «Отдел ветеринарии Амангельдинского района».
3. Государственное учреждение «Отдел ветеринарии акимата Амангельдинского района» осуществляет свою деятельность в соответствии с Конституцией и законами Республики Казахстан, актами Президента и Правительства Республики Казахстан, иными нормативными правовыми актами, а также настоящим Положением.
4. Государственное учреждение «Отдел ветеринарии акимата Амангельдинского района» является юридическим лицом в организационно-правовой форме государственного учреждения, имеет печать и штампы со своим наименованием на государственном языке, бланки установленного образца, в соответствии с законодательством Республики Казахстан счета в органах казначейства.
5. Государственное учреждение «Отдел ветеринарии акимата Амангельдинского района» вступает в гражданско-правовые отношения от собственного имени.
6. Государственное учреждение «Отдел ветеринарии акимата Амангельдинского района» имеет право выступать стороной гражданско-правовых отношений от имени государства, если оно уполномочено на это в соответствии с законодательством.
7. Государственное учреждение «Отдел ветеринарии акимата Амангельдинского района» по вопросам своей компетенции в установленном законодательством порядке принимает решения, оформляемые приказами руководителя государственного учреждения «Отдел ветеринарии акимата Амангельдинского района» и другими актами, предусмотренными законодательством Республики Казахстан.
8. Структура и лимит штатной численности государственного учреждения «Отдел ветеринарии акимата Амангельдинского района» утверждаются в соответствии с действующим законодательством.
9. Местонахождение юридического лица: 110200, Республика Казахстан, Костанайская область, Амангельдинский район, село Амангельды, улица Майлина, 14.
10. Полное наименование государственного органа – государственное учреждение «Отдел ветеринарии акимата Амангельдинского района».
11. Настоящее Положение является учредительным документом государственного учреждения «Отдел ветеринарии акимата Амангельдинского района».
12. Финансирование деятельности государственного учреждения «Отдел ветеринарии акимата Амангельдинского района» осуществляется из местного бюджета.
13. Государственному учреждению «Отдел ветеринарии акимата Амангельдинского района» запрещается вступать в договорные отношения с субъектами предпринимательства на предмет выполнения обязанностей, являющихся функциями государственного учреждения «Отдел ветеринарии акимата Амангельдинского района».

Если государственному учреждению «Отдел ветеринарии

акимата Амангельдинского района» законодательными актами предоставлено право осуществлять приносящую доходы деятельность, то доходы, полученные от такой деятельности, направляются в доход государственного бюджета.

2. Миссия, основные задачи, функции, права
и обязанности государственного органа

14. Миссия: Государственного учреждения «Отдел ветеринарии акимата Амангельдинского района» - реализация государственной политики в области ветеринарии в пределах своей компетенции.
15. Задачи деятельности государственного учреждения «Отдел ветеринарии акимата Амангельдинского района»:
1) охрана здоровья населения от болезней общих для человека и животных;
2) защита животных от болезней и их лечение;
3) обеспечение ветеринарно-санитарной безопасности;
4) охрана территории соответствующей административно-территориальной единицы от заноса и распространения заразных и экзотических болезней из других государств;
5) предупреждение и ликвидация загрязнения окружающей среды при осуществлении физическими и юридическими лицами деятельности в области ветеринарии.
16. Функции:
1) вносит в местный представительный орган области для утверждения правила содержания животных, правила содержания и выгула собак и кошек, правила отлова и уничтожения бродячих собак и кошек, предложения по установлению границ санитарных зон содержания животных;
2) организует отлов и уничтожение бродячих собак и кошек;
3) организует строительство скотомогильников (биотермических ям) и обеспечивает их содержание в соответствии с ветеринарными (ветеринарно-санитарными) требованиями;
4) организует работу государственной комиссии по приему в эксплуатацию объектов производства, осуществляющих выращивание животных, заготовку (убой), хранение, переработку и реализацию животных, продукции и сырья животного происхождения, а также организаций по производству, хранению и реализации ветеринарных препаратов, кормов и кормовых добавок;
5) организует обезвреживание (обеззараживание) и переработку без изъятия животных, продукции и сырья животного происхождения, представляющих опасность для здоровья животных и человека;
6) возмещает владельцам стоимость обезвреженных (обеззараженных) и переработанных без изъятия животных, продукции и сырья животного происхождения, представляющих опасность для здоровья животных и человека;
7) утверждает список государственных ветеринарных врачей, имеющих право выдачи ветеринарно-санитарного заключения на объекты государственного ветеринарно-санитарного контроля и надзора;
8) выдает акты эпизоотологического обследования;
9) осуществляет государственный ветеринарно-санитарный контроль и надзор на предмет соблюдения требований законодательства Республики Казахстан в области ветеринарии: на объектах внутренней торговли;
на объектах производства, осуществляющих выращивание животных, заготовку (убой) хранение, переработку и реализацию животных, продукции и сырья животного происхождения, а также в организациях по хранению и реализации ветеринарных препаратов, кормов и кормовых добавок (за исключением связанных с импортом и экспортом); у лиц, осуществляющих предпринимательскую деятельность в области ветеринарии, за исключением производства ветеринарных препаратов;
при транспортировке (перемещении), погрузке, выгрузке перемещаемых (перевозимых) объектов в пределах соответствующей административно-территориальной единицы, за исключением их экспорта (импорта) и транзита;
на всех видах транспортных средств, по всем видам тары, упаковочных материалов, которые могут быть факторами передачи возбудителей болезней животных, за исключением экспорта (импорта) транзита;
на скотопроектных трассах, маршрутах, территориях пастбищ и водопоя животных, по которым проходят маршруты транспортировки (перемещения); на территориях, в производственных помещениях и за деятельностью физических и юридических лиц, выращивающих, хранящих, перерабатывающих, реализующих или использующих перемещаемые (перевозимые) объекты, за исключением экспорта (импорта) и транзита;
10) осуществляет государственный ветеринарно-санитарный контроль и надзор за соблюдением зоогигиенических и ветеринарных (ветеринарно-санитарных) требований при размещении, строительстве, реконструкции и вводе в эксплуатацию скотомогильников (биотермических ям), объектов государственного ветеринарно-санитарного контроля и надзора, связанных с содержанием, разведением, использованием, производством, заготовкой (убоем), хранением, переработкой и реализацией, а также при транспортировке (перемещении) перемещаемых (перевозимых) объектов;
11) организует проведение ветеринарных мероприятий по энзоотическим болезням животных на территории соответствующей административно-территориальной единицы;
12) организует проведение мероприятий по идентификации сельскохозяйственных животных, ведению базы данных по идентификации сельскохозяйственных животных;
13) вносит предложения в местный исполнительный орган области по ветеринарным мероприятиям по профилактике заразных и незаразных болезней животных;
14) вносит предложения в местный исполнительный орган области по перечню энзоотических болезней животных, профилактика и диагностика которых осуществляются за счет бюджетных средств;
15) организует хранение ветеринарных препаратов, приобретенных за счет бюджетных средств, за исключе-

- нием республиканского запаса ветеринарных препаратов;
16) вносит предложения в местный исполнительный орган области о ветеринарных мероприятиях по обеспечению ветеринарно-санитарной безопасности на территории соответствующей административно-территориальной единицы района;
17) организует санитарный убой больных животных;
18) осуществляет в интересах местного государственного управления иные полномочия, возлагаемые на местные исполнительные органы законодательством Республики Казахстан.
17. Функции ведомств:
1) проведение ветеринарных мероприятий против особо опасных, незаразных и энзоотических болезней животных;
2) проведение идентификации сельскохозяйственных животных;
3) оказание услуг по искусственному осеменению сельскохозяйственных животных;
4) проведение отлова и уничтожения бродячих собак и кошек;
5) ведение базы данных по идентификации сельскохозяйственных животных и выдача выписки из нее;
6) отбор проб биологического материала и доставка их в ветеринарную лабораторию;
7) оказание услуг по транспортировке больных животных на санитарный убой;
8) осуществляет иные функции в соответствии с законодательством Республики Казахстан.
18. Права и обязанности:
1) запрашивать и получать необходимую информацию, документы и иные материалы от государственных органов и должностных лиц;
2) требовать устранения выявленных нарушений и недостатков в ходе исполнения законов Республики, актов и поручений акима области и района;
3) осуществлять иные права и обязанности, предусмотренные законодательством Республики Казахстан.

3. Организация деятельности государственного органа

19. Руководство государственным учреждением «Отдел ветеринарии акимата Амангельдинского района» осуществляется первым руководителем, который несет персональную ответственность за выполнение возложенных на государственное учреждение «Отдел ветеринарии акимата Амангельдинского района» задач и осуществление им своих функций.
20. Первый руководитель государственного учреждения «Отдел ветеринарии акимата Амангельдинского района» назначается на должность и освобождается от должности распоряжением акима района.
21. Полномочия первого руководителя государственного учреждения «Отдел ветеринарии акимата Амангельдинского района»:
1) организует и руководит работой государственного учреждения;
2) несет персональную ответственность за выполнение возложенных на государственное учреждение «Отдел ветеринарии акимата Амангельдинского района» функций, обеспечивает целевое использование бюджетных средств, выделенных на проведение ветеринарных мероприятий по энзоотическим и особо опасным болезням животных;
3) несет персональную ответственность за принятие мер по противодействию коррупции;
4) назначает на должность и освобождает от должности работников в установленном законодательством порядке;
5) определяет полномочия и обязанности работников государственного учреждения «Отдел ветеринарии акимата Амангельдинского района»;
6) представляет государственное учреждение «Отдел ветеринарии акимата Амангельдинского района» в государственных органах, организациях в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан;
7) осуществляет иные полномочия в соответствии с законодательством.

Исполнение полномочий первого руководителя государственного учреждения «Отдел ветеринарии акимата Амангельдинского района» в период его отсутствия осуществляется лицом, его замещающим в соответствии с действующим законодательством.

4. Имущество государственного органа

22. Государственное учреждение «Отдел ветеринарии акимата Амангельдинского района» имеет на праве оперативного управления обособленное имущество в случаях, предусмотренных законодательством.
- Имущество государственного учреждения «Отдел ветеринарии акимата Амангельдинского района» формируется за счет имущества, переданного ему собственником, а также имущества (включая денежные доходы), приобретенного в результате собственной деятельности и иных источников, не запрещенных законодательством Республики Казахстан.
23. Имущество, закрепленное за государственным учреждением «Отдел ветеринарии акимата Амангельдинского района» относится к коммунальной собственности.
24. Государственное учреждение «Отдел ветеринарии акимата Амангельдинского района» не вправе самостоятельно отчуждать или иным способом распоряжаться закрепленным за ним имуществом и имуществом, приобретенным за счет средств, выданных ему по плану финансирования, если иное не установлено законодательством.

5. Реорганизация и упразднение государственного органа

25. Реорганизация и упразднение государственного учреждения «Отдел ветеринарии акимата Амангельдинского района» осуществляется в соответствии с законодательством Республики Казахстан.



«АНА – ӘН, БАЛА ОНЫҢ ҚАЙЫРМАСЫ!»



4-5 – наурыз аралығында «Қаламқас» балабақшасында 8 наурыз - Халықаралық Әйелдер күніне орай ортаңғы және ере-

сек топтары «Ана - біздің гүліміз!», «Ана - өмір шуағы» мерекелік ертеңгіліктерін ұйымдастырды.

Бүлдіршіндер ән, би, тапқатарымен аналарын құттықтап, сыйлықтарын табыс етті. Мектепалды даярлық «Гүлдер» тобы «Ана - ән, бала оның қайырмасы» атты ана мен қызынан құрылған отбасылық жұптар арасындағы сайыс өткізді. Аналар өз отбасындағы ана мен қыз арасындағы сыйластық, әдеп пен мәдениет, өнер турасындағы тәрбие үлгілерін паш етті.

Сайысқа «Гүлдер» тобынан Жанұзақова Жібек - анасы Бүркітова Жанат, «Жұлдыз» тобынан Дәндібай Аяғөз - анасы Қанафина Жібек, «Ертестік» тобынан Төлеген Айсауле - анасы Амантаева Гауһар, «Айгөлек» тобынан Жұмағали Жансая - анасы Бірманова Маржан қатысты.

Кеш барысында балабақша бүлдіршіндерімен қатар, әкелерден құралған бишілер тобы қыздарымен жұптасып аналарға би арнады.

Сонымен қатар, «Ертестік» тобының бүлдіршіндері Бөбектер биін, «Жұлдыз» тобының әнші баласы Мейрамханұлы Санжар «Әже» әнін, «Айгөлек» тобының бишілері «Көбелектер» биін аналарға тарту етті.

Сайыстың қорытындысы бойынша төрт номинация бойынша жеңімпаздар анықталды. Атап айтсақ: «Парасатты отбасы» - Амантаева Гауһар, «Өнерлі отбасы» - Бүркітова Жанат, «Шебер отбасы» - Қанафина Жібек, «Үлгілі отбасы» - Бірманова Маржандар иеленді.

Бұл іс-шара өте әсерлі мағыналы, тәрбиелік мәні зор, және балабақшаның ата-анамен тығыз байланыста жұмыс жасайтындығын байқатты.

Р.ШАРИПОВА,

«Қаламқас» балабақшасының тәрбиешісі.

Суретте: «Қаламқас» балабақшасындағы іс-шарадан көрініс.

АНАЛАРҒА ҚҰРМЕТ – ӨНЕГЕ БАСТАУЫ



Таяуда «Жұпар» балабақшасында «Аналарға құрмет – өнеге бастауы» атты мерекелік кеш өтті. Бұл кеште алғашқы болып ұжым басшысы Г.Е.Бәженова сөз сөйлеп, аналар мен әжелерді төл мерекелерімен құттықтады.

Содан соң бүлдіршіндер әжелеріне арнап ән, би, тапқак айтып өз өнерлерін ортаға салды. Кеш соңында қонақтарымыздың атынан Сәбираш әже мен Жанат әжелеріміз өздерінің ыстық лебіздерін білдірді. Балабақша ұжымына еңбекте табыс, дендеріне саулық тілеп, өздерінің ризашылықтарын білдірді.

- Көктемнің шуақты күнінде келетін 8 наурыз - Халықаралық әйелдер күні төл мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймыз! Жүздеріңізден қуаныш пен мейірім шапағатын шашып, әр адамның жанына шипа бола берсін! - деп бүлдіршіндер аналарына тілектерін жеткізді.

Р.КЕНЕСҚЫЗЫ

«Жұпар» балабақшасы.

Суретте: іс-шарадан көрініс.

ОТАН — ОТБАСЫНАН БАСТАЛАДЫ

Қазіргі таңда білім беру ұйымдарының басты мақсаты – жаңа кезеңде жас ұрпақты тәрбиелеудегі өзекті мәселелерді тиімді шешілуін ұйымдастыру. Әрине, баланың жеке басының алғашқы қалыптасуы отбасынан басталатындығы баршаға аян. Ер жетіп өсуі, бойындағы алғашқы адамгершілік белгілері отбасында қалыптасады, сондықтан да туған үйдің жылуы – оның көкірегінде көп жылдар бойы сақталып, мәңгі есінде жүреді.

Жеке адамның бойындағы ар-ұятты, ақыл-ойды, адамгершілікті тәрбиелеуде отбасы алғашқы тәрбие орны болып табылады.

Отбасында бала алғаш рет өмірмен, қоршаған ортамен танысып, мінез-құлық нормаларын игереді. Отбасы – адам ғұмырының тірегі, қоғамның басты негізі.

Ата-аналар жиналысын мектеп директо-

ры Т.Құсайынова ашты. Аудандық Сатыбалды Ишан атындағы «Тәубә» мешітінің бас имамы Ж.Мұбаракұлы отбасылық тәрбиенің маңызы - имандылық, адамгершілік тұрғыда уағыздарға тоқталса, аудандық ішкі істер бөлімінің бастығы, полиция полковнигі М.Сыздықов жасөспірімдердің тәрбиесіне ата-аналардың басты назар аудару керек екендігін атап өтті. Селолық ардагерлер кеңесінің төрағасы С.Жандилдин мектеп, отбасы, бала, яғни үштік одақты нығайту керек екендігін баяндады және аудандық орталық аурухананың дәрігері Ғ.Амангелдіқызы қыз балалар тәрбиесі, денсаулығы жайында ата-аналармен ой бөлісті.

Жиналыс барысында оқу ісінің меңгерушісі А.Сүлейменова «Отбасы бірлігі - шаңырақтың тірегі» және бастауыш сынып

оқу ісінің меңгерушісі А.Нұрғалиева «Ұстаз, ата-ана, оқушы - мектептің басты ұйытқысы» тақырыбында ата-аналардың қатысуымен сергіту тренингтерін ұйымдастырып, нәтижесінде арнайы фигуралар құрастырып, тренинг тақырыбының мағынасын ашып, айқындады.

Жиналыстың екінші бөлімін мектеп оқушылары мен жас ұстаздар қауымы ата-аналарға арналған әсем ән, би, күмбірлеген күй өнерлерімен жалғады. Жиналыс ата-аналарға мазмұнды ой түйіндеумен қатар, әсерлі көңіл-күй сыйлады.

Балаға жауапкершілікпен қарап, оқыту мен адамгершілікке тәрбиелеуде отбасының басым рөлін мойындап, бірлесе, ынтымақтастықта жұмыс жасау пайдалы.

К.АБДИКОВА,

Амангелді орта мектебі директорының ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ - АДАМГЕРШІЛІК БЕЛГІСІ

Қайырымдылық – адамның асыл қасиеттерінің бірі. Кісінің айналасындағы адамдарға деген ықыласы мен көмегін адамгершілік қарым қатынастарын білдіреді. Қазіргі кезде өсіп келе жатқан ұрпақты тәрбиелеуде қойылған мақсаттардың бірі - қоғамға пайдалы, үлкенге құрмет көрсетіп, кішіге қамқор бола білетін, жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру. Өйткені адам баласы қоғамда өзінің адамгершілік қасиетімен, қайырымдылығымен ардақталады.

Біздің мектебімізде де адамгершілігі

жоғары, үлкен жүректі адамдар бар.

Ә.Боранбаев атындағы жалпы білім беретін орта мектебінде 10 қантар мен 10 ақпан аралығында оқушыларды жаппай оқуға тарту айлығы өткізілді. Айлық барысында мектебіміздің аз қамтылған, жартылай жетім, көп балалы жанұяларға қамқорлық жасау мақсатында «Қайырымдылық - адамгершілік белгісі» атты акциясы өткізілді.

Акцияда мектеп мұғалімдері осындай мектебіміздің аз қамтылған, көп балалы отбасы оқушыларын оқу құралдарымен,

мектеп киімдерімен тағы басқа керекті заттармен қамтамасыз етті. «Қайырымдылық - адамгершілік белгісі» акциясы барысында оқушыларға демеушілік көрсетіп, қол ұшын берген Ә.Боранбаев атындағы орта мектебінің ұжымына үлкен алғысымызды білдіре отырып, жанұяларына береке-бірлік тілейміз.

Ә.ӘБДИКОВА,

Ә.Боранбаев атындағы орта мектептің әлеуметтік педагогы.

Сайлау - 2015

АМАНГЕЛДІ АУДАНЫ САЙЛАУШЫЛАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

26 сәуір 2015 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауы өтеді.

Дауыс беру аудан аумағында құрылған сайлау учаскелерінде сағат 7.00-ден 20.00 дейін өткізіледі.

Нақтылы сайлау учаскесінде азаматты сайлаушылар тізіміне енгізу үшін оның осы сайлау учаскесінің аумағында тұрғылықты жері бойынша тіркелу фактісі негіз болады.

Сайлаушылар тізіміндегі өздерінің туралы деректерді тексеруге және дауыс беретін учаскелік сайлау комиссиясының орналасқан жері туралы мәліметті Call-орталықтан (ақпараттық орталық) біле аласыз, байланыс телефоны 8(71440)22-0-13.

2015 жылдың 10 сәуірінен бастап тиісті сайлау комиссияларының үй-жайларында сайлаушылар тізімімен танысу, сондай-ақ оларға енгізілген сайлаушылар жөніндегі деректердің дұрыстығын тексеру мүмкіндігі беріледі.

Амангелді ауданы әкімі аппараты

ҚҰРМЕТТІ САЙЛАУШЫЛАР!

№ 228 учаскелік сайлау комиссиясы Сіздерді №2 Байтұрсынов сайлау округі бойынша Амангелді аудандық маслихат депутатының сайлауына қатысуға шақырады.

Сайлау 29 наурыз 2015 жылы сағат таңертеңгі 700-ден кешкі сағат 2000-ге дейін Амангелді ауылы, Майлин көшесі 10, Б.Қолдасбаев атындағы мектеп ғимаратында орналасқан №228 сайлау учаскесінде өтеді. Байланыс телефоны 8(71440)21141.

№228 учаскелік сайлау комиссиясы.

ХАБАРЛАНДЫРУ

29 наурыз 2015 жылы №2 Байтұрсынов сайлау округі бойынша Амангелді аудандық маслихатының депутатын сайлау нәтижесін анықтайтын №2 округтік сайлау комиссиясының отырысы 29 наурыз 2015 жылы жергілікті уақыт бойынша сағат 2100-ден басталып сайлау нәтижесі анықталғанға дейін №228 сайлау учаскесінде, мына мекен-жайда өтеді: Амангелді ауылы, Майлин көшесі 10, Б.Қолдасбаев атындағы мектеп ғимараты. Байланыс телефоны 8(71440)21141.

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық Заңының 43 бабының 8.1 тармағына сәйкес жарияланады.

Округтік сайлау комиссиясы

«Қазақстан Республикасындағы Сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңының 28 бабы 3-тармағына сәйкес жарияланады:

Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауына байланысты материалдар:

1. Сайлау комиссиялары үшін 1 шаршы сантиметрге - 80 тенгеде.
2. Президенттікке үміткерлер үшін 1 шаршы сантиметрге - 150 тенгеде.

Амангелді ауданы ауылшаруашылығы жер учаскелері пайдаланушыларының назарына

«Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызмет үшін жағдайды түбегейлі жақсарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы Егеменді Қазақстан газетінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы санында жарияланды. Осы заңда 2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Жер кодексіне төмендегідей бірнеше толықтырулар мен өзгерістер енгізілген:

Негізгі басты өзгерістер Жер кодексінің 24- бабының 1-тармағына, 37- бабының 5-тармағының 2) тармақшасына «Шетелдіктер, азаматтығы жоқ адамдар, шетелдік заңды тұлғалар, сондай-ақ жарғылық капиталындағы шетелдіктердің, азаматтығы жоқ адамдардың, шетелдік заңды тұлғалардың үлесі елу пайыздан асатын заңды тұлғалар ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін жиырма бес жылға дейінгі мерзімге жалдау құқығымен ғана иелене алады» деп бұрынғы (он жыл) пайдалану мерзіміне өзгеріс енгізілген.

Жер кодексінің 49-1 бабы «Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгерту тәртібі» бұрын жалпылай сипатта 6 тармақтан тұрса, толықтырулар енгізуден соң 14 тармақты құрады. Осы кодекстің 79-бабының 5-тармағына «жер пайдалану құқығын кепілге қою кезінде мемлекеттік меншіктегі жер учаскесіне меншік иесінің келісімі талап етілмейді» деп толықтыру енгізілген.

Осы кодекстің 92,93 және 94-баптарына толықтай өзгерістер енгізілді.

92-баптың негізгі өзгерістері 2-тармағы: «Егер құрылысқа арналған жер учаскесі оны беру туралы шешім қабылданған күннен бастап үш жыл (егер жобалау сметалық құжаттамада анағұрлым ұзақ мерзім көзделмесе) ішінде мақсаты бойынша пайдаланылмаған жағдайда, онда Қазақстан Республикасы азаматтарының жеке тұрғын үй құрылысына арналған жеке меншігіндегі жер учаскесін қоспағанда, мұндай жер учаскесі осы кодекстің 94-бабында көзделген тәртіппен мәжбүрлеп алып қоюға жатады.

Егер жеке тұрғын үй құрылысына арналған жер учаскесі дайын емес алаңдарда жер пайдалану құқығында берілген жағдайларда, мұндай жер учаскесін игеру мерзімі оны тиісті инженерлік (коммуналдық) инфрақұрылыммен қамтамасыз еткен кезден бастап есептеледі.

3-тармағы: «егер ауыл шаруашылығы өндірісін, оның ішінде, шаруа немесе фермер қожалығын жүргізуге арналған жер учаскесі пайдаланбау фактісі алғаш рет анықталған кезден бастап бесжылдық кезеңде жалпы алғанда екі жыл мақсаты бойынша пайдаланылмаған жағдайларда, мұндай жер учаскесі осы Кодекстің 94-бабында көзделген тәртіппен мәжбүрлеп алып қоюға жатады.

Жер учаскесін еңсерілмейтін күш салдарынан мақсаты бойынша пайдалану мүмкін болмаған уақыт бұл кезеңдерге кірмейді. 4-тармағы: «Ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін берілген жер учаскесін мақсаты бойынша пайдаланбау жағдайларына:

1) Егістікте-жер учаскесін ауыл шаруашылығы дақылдарын егу үшін өңдеу жөніндегі жұмыстардың жүргізілмеуі;
2) Шабындақтарда-екі жылдан астам жер учаскесінде шөп шабудың жүргізілмеуі, оны арамшөптердің, бұталардың, шіліктердің басып кетуі және шөп бітіктігі жұтандануының өзге де белгілерінің болуы;
3) Жайылымдарда-жаю үшін ауыл шаруашылығы малының болмауы, не оның агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті орган белгілеген, жайылымның жалпы алаңы жүктемесінің шекті рұқсат етілетін нормасының (Амангелді ауданы бойынша шартты мал басына 12 гектарды құрайды) жиырмадан аз пайызын құрайтын мөлшерде болуы және (немесе) жемішөп дайындау мақсатында шөп шабудың болмауы;

4)Көпжылдақ екпелерде-егісті күтіп өсіру, жинау жұмыстарының жүргізілмеуі және есептен шығарылған көпжылдық екпелердің тамырларының алынбауы жатады.
5-тармағы: «Мақсаты бойынша пайдаланылмаған және игерілмеген жер учаскесін мәжбүрлеп алып қою жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға меншік құқығымен тиесілі жер учаскесіне олар жиырма бір жасқа толғанға дейін қолданылмайды.»

93-баптың негізгі өзгерістері 1-тармағы: «Жер учаскесін немесе оның бір бөлігін Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып пайдалану Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сәйкес жауаптылыққа әкеп соғады».

2-тармағы: «егер жер учаскесі Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып пайдаланылған жағдайларда, мұндай жер учаскесі осы Кодекстің 94-бабында көзделген тәртіппен мәжбүрлеп алып қоюға жатады.

3-тармағы: «Жер учаскесін Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып пайдалану жағдайларына:

1) «Жер учаскесін немесе оның бір бөлігін нысаналы мақсатына сәйкес пайдаланбау;

2) «жер учаскесін немесе оның бір бөлігін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді ұтымды пайдалану қағидаларында айқындалған талаптарды бұза отырып пайдалану;

3) «осы кодекстің 99-бабында белгіленген талаптарды сақтамау»;

4) «жер учаскесін экологиялық жағдайды едәуір нашарлатуға соғатындай етіп пайдалану жатады»;

94-баптың негізгі өзгерістері 1-тармағы: «Жер учаскелерінің меншік иелерінен және жер пайдаланушылардан жер учаскелерін осы Кодекстің 92,93-баптарында көзделгендей мәжбүрлеп алып қою жер учаскесі орналасқан жер бойынша жердің пайдаланылуы мен қорғалуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын органдардың талап арызы бойынша сот тәртібімен жүргізіледі. Кепілге алынған жер учаскелерін осы Кодекстің 92,93-баптарында көзделген негіздер бойынша мәжбүрлеп алып қою туралы арыз берілген жағдайда, кепіл ұстаушы мұндай жер учаскелерін алып қою рәсімінің басталғаны туралы хабардар етілуі тиіс. Кепіл ұстаушыға хабарламаны сотқа талап арыз берген, жердің пайдаланылуы мен қорғалуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын тиісті орган жібереді.

2-тармағы: «Жер учаскесін мақсаты бойынша пайдалану жөнінде шаралар қолдану үшін мерзім-бір жыл, ал Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылықтарды жою жөнінде-жер учаскесін мақсаты бойынша пайдаланбау не Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзу фактісі анықталған кезден бастап үш ай болып белгіленеді»;

Жер кодексі 96-1 бабымен толықтырылған: «Жер учаскелері алып қойылған тұлғалардың тізілімі». Бұл бап бойынша жер учаскелері осы кодекстің 92,93 баптарының негізінде жер учаскелері алып қойылған жеке және заңды тұлғалардың тізілімі жасалып, осы баптың 4-тармағы бойынша «жер учаскелері мәжбүрлеп алып қойылған тұлғалардың тізіміндегі жеке және заңды тұлғаларға жер учаскелерін беруге жол берілмейді» делінген. 105-баптың негізгі өзгерістері 3-тармағына 6) тармақшасымен толықтырылған: «ауыл шаруашылығын жүргізуге байланысты объектілерді салу үшін берілгенде, олар шығасыны өтеуден босатылады» делінген, яғни ауыл шаруашылығы жерлеріне, жайылымдықтарға, шабындықтарда мал базаларын, малшы үйлерін салған жағдайларда ауыл шаруашылығы өндірісі шығасысы төлеуден босатылады.

Сонымен бірге Қазақстан Республикасының «Салық және бюджетке төленетін басқада міндетті төлемдер туралы» Салық Кодексінің 378 бабының 1-1 тармағымен толықтыру енгізіліп «Ауылшаруашылығы мақсатындағы жерлерді Қазақстан Республикасы Жер Заңнамаларына сәйкес пайдаланылмайтын жерлерге жер салығының, бірінғай жер салығының базалық ставкаларын он есеге дейін көбейту» көзделген.

Аталған Салық Кодексі бойынша Амангелді ауданы әкімдігі қаулысының және Амангелді аудандық мәслихаты шешімі Амангелді ауданы кәсіпкерлер палатасының және «Арай» Амангелді ауданы шағын кәсіпкерлерінің бірлестігімен қолданысқа енгізуге келісім берілді. Қаулы жобасы және мәслихат шешімінің жобасы қоса беріліп отыр.

Е.АБДИЛЬДИН,

«Амангелді ауданы әкімдігінің

жер қатынастары бөлімі» коммуналдық

мемлекеттік мекемесінің бас маманы:

ЖОБА

Аманкелді ауданы әкімдігінің ҚАУЛЫСЫ

Ауылшаруашылығы мақсатындағы жерлерді Қазақстан Республикасы Жер заңнамаларына сәйкес пайдаланылмайтын жерлерге жер салығының, бірінғай жер салығының базалық ставкаларын он есеге көбейту туралы

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтарындағы Заңының 31-бабына, Қазақстан Республикасының «Салық және бюджетке төленетін басқада міндетті төлемдер туралы» Салық Кодексінің 378 бабының 1-1 тармағына сәйкес Аманкелді ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Ауылшаруашылығы мақсатындағы жерлерді Қазақстан Республикасы Жер Заңнамаларына сәйкес пайдаланылмайтын жерлерге жер салығының, бірінғай жер салығының базалық ставкаларын он есеге көбейтілсін.

2. Осы қаулы заңнамада белгіленген тәртіппен Амангелді аудандық мәслихаттың сессиясында бекітілуге ұсынылсын.

Осы қаулы қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Ж. Таукенов

ЖОБА

Аманкелді аудандық мәслихат ШЕШІМІ

Ауылшаруашылығы мақсатындағы жерлерді Қазақстан Республикасы Жер заңнамаларына сәйкес пайдаланылмайтын жерлерге жер салығының, бірінғай жер салығының базалық ставкаларын он есеге көбейту туралы

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтарындағы Заңының 6-бабына, Қазақстан Республикасының «Салық және бюджетке төленетін басқада міндетті төлемдер туралы» Салық Кодексінің 378 бабының 1-1 тармағына сәйкес Амангелді аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Ауылшаруашылығы мақсатындағы жерлерді Қазақстан Республикасы Жер Заңнамаларына сәйкес пайдаланылмайтын жерлерге жер салығының, бірінғай жер салығының базалық ставкаларын он есеге көбейтілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Кезектен тыс сессия төрағасы

Аудандық мәслихат хатшысы

ӘР МАМАНДЫҚ ӨЗІНШЕ БІР ӘЛЕМ

Сәлем, достар! Аздаған уақыттан кейін сендерді үлкен болашаққа бастайтын жол тұр. Сол жолда әркім өзінің қалаған мамандығын таңдамақшы. Мен 2014 жылғы Жалдама орта мектебінің түлегімін. ҰБТ-дан ойдағыдай ұпай жинадым. Менің бала күнгі арманым әнші, биші болып, ең бастысы эфирге шығу болатын. Әрине, бұл ұзақ күткен арманым бір мезетте орындала бастады десе де болады. Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетіне құжаттарымды тапсырдым. Болашақ арманым теледидардан күнде көріп жүрген журналист ағаларымыз бен тәтелеріміз секілді болғым келді. Сол армандарым орындалып, баспа ісінде оқып жатырмын. Бұл мамандық елімізде 2011 жылы жаңадан ашылған еді. Бұл мамандықты игерумен қатар журналистика мамандығын да алып шығатынымды түсіндім. Бұл мамандықтың ерекшелігі - екі салада да жұмыс атқара беруге болады. Тек ізденуден жалықпай, білімге құштар, шығармашыл тұлға бола білсең.

Журналистика мамандығы өзіндік бір ерекшелігі бар, әр күніміз қызыққа, жаңалыққа толы. Әр күні елімізге танымал, тіпті дүние жүзіне танылып үлгірген кісілер бізге қонаққа келеді. Сол тұлғалармен кездесу, сұхбаттасу, суретке түсу – біз үшін үлкен ғанибет. Бізге үлкен профессорлар мен танымал жұлдыздарымыз дәріс береді. Мен Еуразия ұлттық университетінің журналистика және саясаттану факультетінде оқып жүргеніме қуанамын. Бұнда мен өзімді болашақта жұлдыз, танымал тұлға болатыныма нық сенімді түрде айта аламын, себебі мен Елбасы қалап берген ЕҰУ-де оқимын.

Әдемі ӨМІРБЕК,

Еуразия ұлттық университетінің журналистика және саясаттану факультетінің 1-курс студенті

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Альянс полис» - жеңіл және жүк көліктерін (6-12) айға сақтандырады. Сақтандыру барысында жеңілдіктер қаралған. Автобус және такси көліктеріне жолаушылар (пассажиры) сақтандыру бланкілері бар. Мекен-жайы: Амангелді ақиматы, 1 қабат, 103 кабинет. Ұялы тел: 8-701-708-39-32. Жұмыс тел: 21-2-22
Агент - Князов Бағдат Дайыржанұлы.

САТАМЫН

Евро жөндеу жүргізілген, ауласы кең, гаражы бар Дүйсенбин 25/3 үйімді сатамын. Бағасы келісім бойынша. Ұялы тел: 8-775-525-19-33.

«АСТАНА АГРОПАРТНЕР» ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ



ТОВАРИЩЕСТВО С ОГРАНИЧЕННОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ «АСТАНА АГРОПАРТНЕР»

№ п/п	Наименование оборудования	модель	Цена* в тенге с НДС 12 %
1	Косилка навесная ротационная	ЖТТ-2.4 "Strige"	1 100 000
2	Пресс-подборщик рулонный	ПР-145С	1 700 000
3	Пресс-подборщик тюковый	Tukan ППТ-041	2 600 000
4	Опрыскиватель навесной 800л	"LUPUS"	750 000
5	Стогометатель навесной универсальный	СНУ-550	1 350 000
6	Навесные грабли Sitrex S.p.a (Италия)	Ширина захвата 5,5м и 7,5м	от 650 000
7	Прицепные грабли Sitrex S.p.a (Италия)	Ширина захвата 6м и 8,2м	от 1 050 000
8	Приспособления для уборки подсолнечника (для всех типов комбайнов)	ПСП-810	2 750 000
9	Приспособления для уборки подсолнечника (для всех типов комбайнов)	НАШ-873-02Н	2 550 000
10	Метатель зерна самопередвижной	МЗС-90-20-01	1 450 000
11	Борона дисковая прицепная	БДП-3,2х2	2 350 000

г.Астана, ул.Иманова, 19, офис 1102Е
тел.: +7-701-766-93-91, +7 701-766-25-03
тел./факс: 8(7172) 78-76-57
e-mail: ast_agropartner@mail.ru

г.Усть-Каменогорск, ул.Абая, 181/1
тел.: +7-701-770-04-11, +7 701-717-74-00
тел./факс: 8(7232) 78-46-60, 700-933
e-mail: arman_199@mail.ru

- Лизинг через АО «Казагрофинанс»
- Отсрочка по платежам
- Гарантия на всю продукцию
- Индивидуальные скидки



Наурыз - Жыл басы

БАЙҚАУ! БАЙҚАУ! БАЙҚАУ!

Қазақтың Ұлттық киімдерін насихаттау мақсатында 22 наурыз мерекесі күні қазақтың ұлттық киімдерінен байқау өтеді.

1. Ерлердің ұлттық киімі: пешпент, қазақы оюланған шалбар, каптама шапан, кемер немесе шашақталған мата белбеу, тымақ, мәсі кебісімен.

2. Әйелдердің ұлттық киімі: ұлттық нақыштағы

көйлек, қамзол, сыртқы оюлы шапан, әшекейлі белдік, үкілі бас киім, кимешек, кебіс-мәсі, әшекейлі сәнді етік, білезік, сақиналар, шаштеңге, шолпы, төске тағатын қаптырма, т.б.

22 наурыз күні өтетін мерекелік жиында жеңімпаздар анықталып, бағалы сыйлықтармен марапатталады.

Ұйымдастыру комиссиясы.



АНА - ӨМІР ШУАҒЫ

2015 жылдың 6 наурызы күні сағат 11-де Қ.Әбенев атындағы мәдениет үйінде Халықаралық Әйелдер күні

күнде нығайып, әлем таныған абыройға жетуіне асыл аналарымыз, ардақты апа-қарындастарымыз

Бұдан соң аудан әкімі қоғам өміріне барынша белсене араласып жүрген түрлі салада - мемлекеттік



мерекесіне арналып салтанатты жиын өтті. Салтанатты шараға мейірім мен шапағатты, ізгілік пен ұлағатты бойына жинаған аяулы аналар мен әжелер, өмірдің мәні мен сәні - әсем арулар жиналды.

Аудан әкімі Ж.Қ.Таукенов өзінің құттықтауы мен жылы лебізін осы асыл жандарға арнады. Мерекелерімен шын жүректен құттықтады.

- Тәуелсіз еліміздің бүгінгі

өлшеусіз үлес қосты. Отбасының шаруасын, бала тәрбиесін және қоғамдық жұмыстарды қоса атқара жүріп, әйел заты біздің қоғамдағы тұрақтылық пен ел бірлігін сақтау мәселесінде шешуші рөл атқарып келеді. Баршаңызға мереке құтты болсын! Әрбіріңізге шаттық пен бақыт, отбасының аманшылығын тілеймін! - деді аудан әкімі.

қызметте, бизнесте, білім беру, денсаулық және өзге де салаларда қажырлы еңбек етіп жүрген қыз келіншектерге, ардақты аналарға Құттықтау хат пен гүл шоқтарын табыстады.

Олардың әр бірі өздерінің біліктілігін, іскерлігін барынша танытып үлгергендер. Атап

айтсақ: Б.Бимағанбетова - білім беру бөлімінің әдіскері, Ғ.Абдрахманова - аудандық орталық аурухананың мейіркесі, А.Жантұрсынова - кәсіпкер, Н.Абдильдина - зейнеткер-ұстаз, Т.Құтжанова - зейнеткер, еңбек ардагері, белгілі айтыскер ақын, Ж.Ахметова - Аманкелді орта мектебінің мұғалімі, Д.Көмекова - Алтынсарин атындағы орта мектептің мұғалімі, Ә.Мұхамбетжанова - Б.Қолдабаев атындағы орта мектептің мұғалімі, Қ.Әуезбекова - Аманкелді орта мектебінің мұғалімі.

Ең тағамша мезгіл саналатын көктемнің алғашқы шуағымен келіп жететін әдемі мереке 8 наурыз — Халықаралық Әйелдер күні құрметіне арналған салтанатты жиыннан соң оған қатысушыларға «Анашым, шалқып күлсең...» атты мерекелік концерт көрсетілді. Оған аудандық аурухана, байланыс торабы, қорғаныс, өртке қарсы қызмет, ішкі істер бөлімі, «Алтын дала» резерваты, спорт мектебі және орта мектептер мен мәдениет бөлімі, ардагерлер кеңесі ұйымының ер азаматтары әйел аналарға арнап ән шырқап, би билеп, күй төкті.

Әдемі де мазмұнды концерт кешке сән бере түсті. Мерекелік көңіл-күй зал толы ақ жаулықты аналар мен қыз-келіншектерді шаттыққа бөледі. Аналар концертті ерекше құрметпен, қошеметпен тыңдады.

Г.СМАЙЫЛОВА.

Суреттерде: мерекелік концерттен көріністер.

Бірінші байлық - денсаулық

ДЕНСАУЛЫҒЫҢЫЗДЫ САҚТАУ
ҮШІН - СКРИНИНГТЕН ӨТІҢІЗ

Құрметті аудан және ауыл тұрғындары!

Денсаулық сақтау ісін дамыту жөніндегі 2011-2015 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасына сәйкес Денсаулық сақтау министрлігі профилактикалық іс-шараларды күшейтуде және скринингтік зерттеулерді кеңейтуде. Белгілі бір жастағы дені сау тұлғаларды жыл сайын профилактикалық медициналық тексеру – скрининг деп аталады. Мұның мақсаты – аурудың бастапқы кезеңін және тәуекел факторларын айқындау. Ол уақтылы ем қабылдауды, сауығып кетуді қамтамасыз етуге, сондай-ақ асқынуды, мүгедектікке және өлімге әкеліп соқтыратын аурудың күрделі түрінің дамуын тоқтатуға мүмкіндік береді.

Скрининг жүргізу кезінде келесі жұмыстар жүргізіледі: антропометриялық (бойы, дене салмағы, бел ауқымы) өлшемдер жасау; артериалық қысымды өлшеу; Скринингтік тексеруден өтуге келесі жастағы топтар жатады.

Қан тамырларын және қант диабетін анықтау үшін: 40,42,44,46,48,50,52,54,56,58,60,62,64 – жастағы ерлер мен әйелдер.

қандағы глюкозаны және холестерин мөлшерін анықтау; көрсеткіш бойынша электрокардиография жасау; көрсеткіш бойынша кардиолог, эндокринолог мамандарына қаралу.

Суқараңғы (глаукома) ауруын анықтау үшін 40,42,44,46,48,50,52,54,56,58,60,62,64,66,68,70 - жастағы ерлер мен әйелдер

көз ішіндегі қан қысымын өлшеу. Жатыр мойнының обырын (рак) анықтау үшін 30,35,40,45,50,55,60 – жастағы әйелдер жатыр мойнындағы сүртінділерге цитологиялық зерттеу; көрсеткіш бойынша-кольпоскопия жасау

Сүт бездерінің обырын (рак) анықтау үшін 50,52,54,56,58 және 60 жастағы әйелдер сүт бездеріне рентген жасау (маммография); көрсеткіш бойынша маммолог, онколог мамандарына қаралу

Тоқ және тік ішек обырын (рагын) анықтау үшін 50,52,54,56,58,60,62,64,66,68 және 70 жастағы ерлер мен әйелдер тоқ ішек ауруларын ертен анықтау үшін, қан арқылы нәжісті жасырын тексеруден өткізу; тоқ ішекке эндоскопиялық зерттеу жүргізу көрсеткіші бойынша (колоноскопия)

Асқазан-өңеш жолы обырын (рак) анықтау үшін 50,52,54,56,58 және 60 жастағы ерлер мен әйелдер өңеш және асқазан эндоскопиясынан өту; көрсеткіш бойынша зақымданған тігіне биопсия жасап, морфологиялық әдіспен тексеру.

Қуықасты безінің обырын (рак) анықтау үшін 50,54,58,62 және 68 жастағы ерлер тамырдан қан алу арқылы қуықасты безінің телімді антиген деңгейін анықтау; көрсеткіш бойынша ультратрадыстық зерттеу мен гистологиялық зерттеуден өту; көрсеткіш бойынша уролог маманына қаралу.

Скрининг «Амангелді аудандық орталық аурухана» мекемесінде ТЕГІН жүргізіледі. Өз денсаулығыңызға жауапты болыңыз.

Ж.КАКАНОВА,

«Амангелді аудандық орталық аурухана» мекемесі бас дәрігерінің орынбасары

ЕСКЕ АЛУ

Киелі Амангелді топырағы талай дарын, талай талант тудырып, бүгінде сол өзінің ірі тұлғаларымен мақтанады.

Мен өзім осы киелі топырақта туып өскен, ағарту ісінің озық қызметкері, бүкіл әулеті мақтан ететін тұлға, атам **Орынбасар ТӨЛЕУБАЙҰЛЫ** туралы сөз қозғамақпын. Атам 1935 жылы 18 наурызда Қостанай облысы, Амангелді ауданы, Амангелді селосында дүниеге келген. Амангелді орта мектебінде білім алып, одан әрі Абай атындағы Алматы педагогикалық институтында оқып, тарих пәнінің мұғалім мамандығын алып шығады. Оқуды бітіре салысымен еңбекке араласып, аудандық комсомол комитетінің мектептер бөлімінің меңгерушісі, Киров атындағы сегіз жылдық мектептің директоры, аудандық оқу бөлімінің мектеп инспекторы қызметкерін атқарған. Аудандық білім беру бөлімінде оқыту мен тәрбие жұмысы саласында да 20 жыл қызмет атқарған. Еңбек еткен жылдары аудан өнірінің әлеуметтік-экономикалық салаларының дамуына да ат салысқан.

Атамның ұзақ жылдар бойы еткен еңбегі мен төккен тері елеусіз қалмаған. Жыл сайын жоғары органдардың марапаттарына ие болып, мемлекеттік медальдармен және құрмет грамоталарымен марапатталған. Ағарту саласындағы ерен еңбегі үшін «Қазақ СР халық ағарту ісінің озық қызметкері» белгісімен марапатталған.

2005 жылы Президент Н.Назарбаевтың «Алғыс хатымен» марапатталады. Міне, атамның осындай еңбек жолы бүгінде біздерге үлгі болып қала бермек.

Ардақты менің жан атам,
Бір өзіңдей бар ма жан?!
Еңегенмен өзіңнің
Болашаққа аттанам.

Бір қалыптан танбаған,
Құрметтеймін жан атам.
Үлгі алып бір сізден
Әрқашанда мақтанам,

- деп атамның 80 жасқа толуына орай, туған күні қарсаңында сағына еске алып, осы жолдарды арнаймыз.

Немерелері атынан - Орынбасар Айжан

110200. Меншік иесі : «Аманкелді арайы» газеті редакциясы жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас редакторы - Х.Қ.МҰСАБАЕВ

Газет ҚР Мәдениет және Ақпарат Министрлігінде 2014 жылдың 17 сәуірінде қайта тіркеуден өткізіліп, №14308-Г куәлігі берілді. Газет «Қостанай - полиграфия» ЖШС-нің баспаханасында басылады. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды. Жарнама мен хабарландырудың, құттықтаудың мәтініне редакция жауап бермейді. Газетте жарияланған автор пікіріне редакция көзқарасын білдірмейді. Компьютерлік 3 беттен асатын

материалдар қабылданбайды. Мақалалар компьютерде теріліп редакцияға электронды вариантта жеткізілуі тиіс. Түсініксіз қолжазбалар қабылданбайды. Аптасына 1 - рет шығады. Көлемі екі баспа табақ. Таралымы - 1970 дана. Тапсырыс - 508

Мекен-жайымыз: Аманкелді селосы, Б.Майлин көшесі 14, 2-қабат, Телефондар: (8 714-40) 2-38-10. 2-10-57.